

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі

Құрметті отандастар!
Ханымдар мен мырзалар!
Қадірлі қонақтар!

Биыл халқымыз үшін айрықша маңызды жыл болды. Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Біз түбегейлі бетбұрысқа жол ашқан ауқымды өзгерістер жасадық. Конституциялық реформаны жүзеге асырдық. Мемлекетіміздің ең басты салаларын жан-жақты жаңғырттық. Соның арқасында халықтың болашаққа деген үміті артып, сенімі нығая түсті.

Мен аймақтарды аралап, тұрғындармен кездескенде бұған айқын көз жеткіздім. Сондай-ақ, өткен референдумтың бастамаларды жұртымыздың жаппай қолдайтынын көрсетті. Халықтың дұрыс бағыттағы өзгеріске ұмтылысы жұмысқа зор серпін берді. Біз реформаларды сонына дейін міндетті түрде жеткізуіміз қажет.

Конституцияның жаңа талабына сәйкес бұдан былай Президент жеті жылдық бір мерзімге ғана сайланады. Осылайша, саясаткерлердің жаңа буыны билік басына келе бастайды. Мен осы шешімнің дұрыс болғанына кәміл сенемін.

Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылады. Осындай жаңа саяси маусымды Президент сайлауы бастап берді. Сайлау науқаны 3 айға жуық уақытқа созылды. Осы кезеңде еліміздің болашағы туралы түрлі мазмұнды пікірталастар болды. Жұртымыз өз болашағына бейжай қарамайтынын көрсетті. Азаматтық қоғамның кемел институтқа айналғаны айқын аңғарылды. Саяси алаңға жаңа тұлғалар шықты. Осылайша, халқымыз 20 қарашада өз таңдауын жасады.

Сайлау әділ әрі ашық өтті. Бұл – байқаушылардың, сарапшылар мен журналистердің берген бағасы. Ел-жұрттың белсенділігі ерекше жоғары болды. Кейбір азаматтар бүкіл отбасымен келіп, дауыс берді. Бұл науқан ел мүддесі үшін ұлт болып біріге алатынымызды көрсетті.

Бабаларымыз қай заманда да бірлігін бәрінен биік қойған. Біз ата жолын сақтай білген, заманауи және өркениетті ел екенімізді бүкіл дүние жүзіне паш еттік. Бірлігіміздің бекемдігін тағы да дәлелдей алдық.

Осы сайлауда жұртымыз маған зор



сенім білдірді. Шын мәнінде, ел сенімін еш нәрсенен өлшеу мүмкін емес. Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма – бағасы, алдағы жоспарыма – батасы деп қабылдаймын.

Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымызды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін.

Қазаққа «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымыздың сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын.

Сайлауға қатысқан барша жұртқа ризашылығымды білдіремін. Науқанға атсалысқан қауымға, байқаушылар мен журналистерге зор алғыс айтамын. Президенттікке кандидаттарға да құрметімді білдіремін. Сайлауда саяси партиялар

және қоғамдық ұйымдар маңызды сәтте жұдырықтай жұмыла алатынын көрсетті. Осы ретте мені президенттікке ортақ кандидат ретінде ұсынған халық коалициясы мүшелеріне рахметімді айтқым келеді.

Мен өзіме дауыс берген азаматтардың ғана емес, бүкіл Қазақстан халқының алдында есеп беретін болдым. Қазаққа «Байлық не керек, адалдан жимасаң, билік не керек, әділдік құрмасаң» деген сөз бар. Бұл – бұлжытпай ұстанатын өмірлік қағидатым.

Мен бүгін көк Туды сүйіп, дана халқымыздың алдында бас иідім. Азаттық жолында құрбан болған бабалар рухына тағзым еттім. Еліміздің арман-мұратына өмір-бақи адал болуға серт бердім. Ешқашан адалдықтан аттамауға және ел мүддесіне қиянат жасамауға ант еттім. Ата Заңға қолымды қойып, оның әр сөзін мүлтіксіз орындаймын. Халқымыздың алдындағы осы анттың алдағы қызметіме Мен үшін айнымас темірқазық болады.

➔ 2-бетте

● РӘСІМ

Ұлықтау салтанатындағы ұмытылмас сәттер



Қайрат ӘБІЛДА

Қазақстан Республикасы Президентін ұлықтау салтанатындағы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сөзінің басым көпшілігі мемлекеттік тілде болды. Мұның өзі біздің елімізде ана тілі үстемдігінің толығымен салтанат құруға бет алғанын аңғартса керек. Бұл жағдаят жүрекке сенімділік ұялатты, бойға күш-қуат берді.

«Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма – бағасы, алдағы жоспарыма – батасы деп қабылдаймын. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ер азамат үшін ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік», – деді сөз басында Президент.

Иә, 20 қараша күні кезектен тыс өткен Президент сайлауында Қасым-Жомарт Тоқаев 6 млн 456 мың 392 сайлаушының дауысын алды. Бұл дегеніміз Қазақстандағы сайлауға қатысқан азаматтардың 81,31%-ы.

Алты жарым миллионға жуық адам өзінің болашағын осы Президентпен байланыстыруға берік байлам жасады. Халқының осыншама қолдауы мен сеніміне ие болу – кез келген Мемлекет басшысының қолтығына қанат бігіретін құдіретті күш қой. Осы тұрғыдан алғанда, Қасым-Жомарт Тоқаевтай төрткүл дүниеге танымал саяси тұлғаның алдында зор мүмкіндіктердің есігі айқара ашылары сөзсіз.

Президентіміз сөзінде халықтың сенімін өзіне артылған аманат ретінде қа-

былдайтынын мәлім етті. «Қазаққа «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымыздың сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын», – дегенін халқының алдында берген сертіне балауға да болушы еді.

Сөз арасында Президенттің «Науқанға атсалысқан қауымға, байқаушылар мен журналистерге зор алғыс айтамын», – деп БАҚ өкілдерінің ерен еңбегін де атай кеткені көңілге жылылық ұялатты.

Мемлекет басшысы алдағы уақытта өзіне дауыс берген азаматтардың ғана емес, күллі Қазақстан халқы алдында есеп беретінін кесіп айтты. Сөз жоқ, бұл бірлікті нығайтып, сенімді ұлғайта түсетін ұлағатты қадам.

Президенттің ұлықтау салтанатындағы мақалдап сөйлеген мына сөзі жұртшылыққа ерекше әсер етті.

➔ 3-бетте

Баспасөз – 2023

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5848,50	5919,00
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	12 ай 11697,00	11838,00
		6 ай 3100,50	3111,00
		12 ай 6202,00	6222,00

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жүріп жатыр. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермаков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылушылар үшін	3492	5577,00	5706,00

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы:

Назар аударыңыз!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



(Соңы. Басы 1-бетте)

Құрметті отандастар!

Өткен Президент сайлауы нағыз патриоттық шара болды. Сайлау азаматтарымыздың ел тағдырына бейжай қарамайтынын көрсетті. Бұл әділдік идеясының және халықтың ерік-жігерінің салтанат құрғанын, елімізді жан-жақты жаңғырту үдерісі басталғанын білдіреді.

Сайлау Қазақстандағы электоралды процестің ашықтығы мен әділдігін жаңа деңгейге көтерді. Сондай-ақ, біздің қоғамның саяси мәдениеті мен кемелдік дәрежесі жоғары екенін танытты. Халық сайлау учаскелерінде алдағы жеті жылға арналған мемлекетті дамыту бағдарламасына оң баға берді. Маған сенім артқан барша отандасым шексіз ризашылығымды білдіремін. Президент лауазымында елімізге адал қызмет етуге дайынмын. Бұл – зор абырой әрі үлкен жауапкершілік. Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Алдағы жеті жылда халықтың зор сенімін ақтау үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Енді біздің ортақ мақсатымыз – заң мен тәртіп үстемдік құратын, азаматтардың құқығына лайықты құрмет көрсетілетін Әділетті Қазақстанды құру. Қоғамды трансформациялап, Қазақстанды шынайы демократиялық институттары дамыған елге айналдыру үшін ауқымды жұмыс атқаруымыз керек. Сонда ғана ұлттың жаңа сапасын қалыптастырып, кәсіпкерлікті тәуелсіздігімізді нығайтамыз.

Қазір біз осы қиын-қыстау жолдың басында тұрмыз. Алдымызда атқаратын жұмыс көп. Әрбір азамат елдің болашағы үшін өз жауапкершілігін сезінуге тиіс. Мемлекеттік саясатымыздың негізгі бағыты – білім беру ісінен бастап индустриаландыруға дейін қоғамның барлық саласын жаңғырту. Еліміздің ұзақ мерзімді экономикалық өсімінің негізін жаңа технологиялар, жоғары еңбек өнімділігі, азаматтардың шығармашылық бастамалары құрайды.

Басты міндет – іскер азаматтарымыздың кәсіпкерлік рухына зиянын тигізетін жасанды кедергілер мен шектеулердің бәрін жою. Кәсіпкерлер бизнеске жүргізілетін сепсіз тескерулерді біржолата ұмытуы қажет. Олар тек салық органдарының алдында ғана есеп береді. Мемлекет пен бизнес – сенімді серіктестер. Шағын және орта бизнестің дамуына заңсыз кедергі келтіретіндердің бәрі заңға сәйкес қатаң жауапқа тартылады.

Біз ауқымды индустриаландыруды, инфрақұрылымдарды салуды және жаңғыртуды қолға аламыз. Кең байтақ еліміздің әр өңірінің дамуына тын серпін беру маңызды. Шынайы заң үстемдігін қамтамасыз етпей, әділетті әрі нарықтық экономиканы құру, жекеменшікті қорғау, бәсекелестікті дамыту, сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін емес. Сондықтан заң алдында бәрінің тең болуы – мемлекетіміздің ұзақ мерзімді дамуының негізгі шарты. Барлық мәселе, әсіресе түйткілді және дауды проблемалар конструктивті диалог арқылы, ең алдымен, Парламентте шешілуге тиіс. Алдағы Сенат және Мәжіліс сайлауы осы мүмкіндікті береді.

Біз «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын қатаң сақтауымыз керек. Біз «бірлігіміз – әралуандықта» формуласында көрініс тапқан халқымыздың тарихи жетістіктерін жан-жақты еселеуге тиіспіз. Қоғамда араздық туғызатын және ұлттың бірлігін бұзатын, түгітеп келгенде, мемлекетімізге қарсы бағытталған арандатушылық әрекеттерге қатаң тосқауыл қоюылады.

Біз халықтың тілегі мен заман талабына сай тиімді мемлекет құруға міндеттіміз. Бұл – маңызды тарихи міндет. Мемлекеттік қызметке нақты сектордан меритократия және ашық бәсекелестік қағидаттарына сай іріктеуден өткен жаңа басқарушы азаматтарды аламыз. Президенттік кадр резервінің мүшелерін белсенді түрде тартамыз.

Біздің басты байлығымыз – адам. Сондықтан, азаматтардың игілігі үшін барлық жағдайды жасау аса маңызды. Еліміз даму жолында, негізінен, өз күшіне сенеді. Сонымен қатар, шетелден тікелей инвестиция тарта отырып, түрлі саладағы халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытады.

Қазақстан өз ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған теңгерімді және конструктивті сыртқы саясатын жүзеге асыруды жалғастырады. Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттермен, интеграциялық бірлестіктер жөніндегі серіктестермен арадағы өзара тиімді ынтымақтастық пен стратегиялық әріптестік мәселелері басты назарда болады. АҚШ-пен, Еуропалық Одақпен, Азия, Таяу Шығыс және Кавказ мемлекеттерімен, сондай-ақ басқа мүдделі елдердің барлығымен көпжақты ынтымақтастықты дамыту үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Қазақстан қазіргі халықаралық

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі



құқық пен БҰҰ Жарғысын берік ұстанатын ел болып қала береді.

Қымбатты отандастар!

Біз әділетті мемлекет, әділетті экономика және әділетті қоғам құрамыз. Осы қағидаттар менің сайлау алдындағы тұғырнамамда нақты көрініс тапты. Мен оның әр сөзіне, әр сөйлеміне терең мән бердім. Сайлауалды бағдарлама – бұл ұзақ ой-толғау мен ізденістің нәтижесі. Тіпті, жүрегімнен шықты десем, артық айтқандық емес. Халықтың бастамаларына қолдау білдіріп, үлкен үміт күтіп отырғанын білемін. Тұғырнаманың әрбір тармағы толық орындалуға тиіс. Мен ол үшін барлық күш-жігерімді жұмсаймын. Осыған байланысты арнайы Жарлыққа қол қоямын. Бұл Жарлық нақты іс-шаралардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Бағдарламаның мұлтіксіз орындалуын жеке бақылауыма аламын.

Қазір – сайлаудағы жеңісті тойлайтын кез емес, аянбай еңбек ететін кез. Сол себепті арқаны кеңге салмай, бірден іске кірісуіміз керек, босаңсау болмайды. Осы орайда ең алдымен, қолға алатын бірнеше мәселеге арнайы тоқталғым келеді.

Мен сайлауалды сөздерімде ауылды өркендету ісіне баса назар аудардым. Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл – ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан, ауылдағы жағдайды жақсарту мақсатына жеткізілуіміз керек. Осы үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қоямын. Осы құжат арқылы Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Бұл менің жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығым болады. Үкімет ауылды дамытуға арналған барлық жобаны жүйелі түрде реттеп, жинақтауға тиіс. Содан кейін мақсатты түрде тиімді жұмыс жүргіземіз.

Келесі маңызды бағыт. Біз әділдікті қалпына келтіріп, елден заңсыз шығарылған барлық активті қайтаруға тиіспіз. Бұл үшін Үкімет заңсыз шығарылған қа-

пталды қайтару үшін қажетті рәсімдерді реттейтін заң жобасын әзірлейді. Сонымен қатар заң жобасы әділетсіз баюға және активтерді заңсыз шығаруға ықпал ететін себептер мен шарттарды жоюға бағытталды. Қайтарылған барлық қаражат азаматтардың игілігіне жұмсалмауға тиіс. Бұл қаржыны жоғары технологиялы өндіріс орындарын ашуға, мектептер мен ауруханалар салуға, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға пайдалану керек. Тиісті Жарлыққа бүгін қол қоямын. Жақын арада ауқатты кәсіпкерлер халықтың игілігі үшін өздерінің әлеуметтік жауапкершілігін жандандырады деп ойлаймын.

Мемлекеттік құрылыста біз «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын нақты ұстанамыз. Президент сайлауы биліктің барлық негізгі институтын дәйекті түрде жаңғырту үдерісін бастауға жол ашты. Сайлау ауқымды электоралды циклдің бастапқы кезеңі болды.

Біз саяси жаңғыру үдерісін жоғары түрде жалғастырамыз. Бүгін менің «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауын тағайындау туралы» Жарлыққа қол қоямын. Осылайша, жоғарғы палата депутаттарының кезекті сайлауы конституциялық реформаны нақты жүзеге асырудың жалғасы болмақ. Сайлау қорытындысы бойынша Сенаттың депутаттық корпусының бір бөлігі бәсекелестік және ашықтық қағидаттары негізінде жаңарады.

Бұдан бөлек, бүгін мен конституциялық реформаны жүзеге асырудың келесі сатысын ретінде «Қазақстан Республикасы Жоғарғы аудиторлық палатасының кейбір мәселелері туралы» Жарлыққа қол қоямын. Келесі кезең – оны толыққанды трансформациялау. Басқа маңызды әрі өзекті мәселелер бойынша шешімдерді кейінірек жариялаймын. Тағы да қайталап айтамын, алда атқаратын шаруа көп. Бұл – жеңіл жұмыс емес, бірақ елге пайдасы тиетін қызмет. Мен бүкіл мемлекеттік аппараттан осы міндетті абыроймен орындауды талап етемін.

Қолынан іс келетін және елге беріле қызмет жасайтын азаматтарға ғана ортамызда орын бар. Оларға қолдау көрсетеміз, ал қоғам құрметін білдіреді. Халқымыздың нақыл сөзін сәл түрлендіріп айтсақ: «Байлық пен мансап – қолға ұстаған мұз, ериді де кетеді. Ал елге жасаған қызмет – артта қалған із, ол ұрпақтан ұрпаққа жетеді». Осыны әр азамат түсінуі керек.

Ел мүддесі – бәрінен биік. Мен барлық мемлекеттік қызметшіден өз жұмысын адал атқаруды талап етемін. Бір сөзбен айтсақ, кәсібилік, адалдық және қарапайымдылық біздің басты қағидаттарымыз болуға тиіс. Қоғамда жаңа құндылықтар орнықтырып, жақсы қасиеттерге не бола алмасақ, реформаның бәрі бекер.

Көк байрағымыз, төлқұжатымыз және мемлекеттік тіліміз біздің біртұтас халық екенімізді білдіреді. Бабаларымыз біртұтас ел болып, Еуразия төрінде даңқты шежіресін ат тұяғымен жазған Алтын орда мен Қазақ хандығы сияқты мемлекеттер құрған. Сондай-ақ, халқымыз ел басына күн туған күрделі сәттерде азаттығы үшін арпалысты. Әйгілі хандарымыздың, батырларымыздың және ұлт қайраткерлерінің ерлігі – осының айқын көрінісі.

Ұлттың бостандық жолындағы табанды күресінің арқасында Қазақ елі тәуелсіздігін алды. Егемен мемлекеттің құрылуына, оның іргесін бекіту жолында орасан зор еңбек сіңірген тарихи тұлғаларымызға әділ баға беруіміз керек.

Табыстарды және оқлықтарды ажырататын бұл – уақыт және тарих. Уақыт – ең әділ қазы, ал тарих – бәріне таразы. Сондықтан саяси науқаншылыққа жол бермеуіміз қажет. Біз болашақта әділетті мемлекет боламыз десек, өткенге әділдікпен қарап, одан тағылым ала білуіміз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жірену – өсетін елдің белгісі. Отаншылдық, еңбекқорлық, білімпаздық, жаңашылдық, жасампаздық, жанашырлық, мейірімділік сияқты асыл қасиеттерді бойға сіңіруіміз қажет. Мен бұл туралы жиі айттып жүрмін.

Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуге тиіс. Әсіресе, ұстаз, дәрігер, тәртіп сақшысы, құтқарушы, жұмысшы, шаруа сияқты мамандардың мәртебесін одан әрі арттыра түсуіміз қажет. Олар еліміздегі ең сыйлы азаматтарға айналуы керек. Осы кәсіп иелері тиісті құрмет пен сыйға ие болғанда ғана, қоғамымыз шынымен жанарды деп айта аламыз.

Көпшілік қазіргі уақытта нағыз батырлардың жетіспеуін айтады. Бірақ нағыз қаһармандар жұрттың назарынан тыс жерде. Олар біздің арамызда. Батырлар күн сайын зауыт станогында жұмыс істейді, қоғамдық көлік жүргізеді, ұшақ штурвалына отырады, құтқарушының қорғаныс киімін киеді, науқасқа жедел жәрдем беруге асығады, әскери техниканы менгереді. Нағыз батырлар балаларымыз бен қарт ата-аналарымыздың дастархан ас-ауқатқа толы болуы үшін ауылда таңмен таласа оянады. Біздің батырлар – өзінің жеке кәсібін бастайтын, жұмыс орындарын ашатын, қызметкерлері мен олардың отбасыларына жаңа мүмкіндіктер тудыратын кәсіпкерлер. Біздің батырлар – өзінің махаббаты мен күш-қуатын, тәжірибесін мен білімін, мүлкі мен қаражатын қоғамға риясыз ұсынатын еріктілер мен игі іс жасайтындар. Олардың барлығы – халықтың мақтаншы әрі үміті. Міне, осындай еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі.

Біз өркениеттің алғы шебіндегі мемлекетке айналу үшін үлкен үйренетін емес, өзгеге үйрететін ұлтқа айналуымыз қажет. Сондай-ақ, тек тұтынушы емес, жаңа дүниені өндіруші ұлт атануымыз керек. Оған халқымыздың әлеуеті, дарыны, қарым-қабілеті жетеді.

Мен біздің жастарымыздың ұшқыр және озық ойлы екенін мақтан етемін. Сол себепті Мағжан ақынның «Мен жастарға сенемін» деген сөзін үнемі айтамын. Шын мәнінде, бәріміз жастарымызды қолдауымыз керек. Өйткені, өскелең ұрпақ қана елімізді жарқын болашаққа бастайды. Бірақ, жастар жетістікке жету үшін көп еңбектенуі керек. Жаңа білім алуға, тың тәжірибе жинауға ұмтылған жөн. Сонда жастарымыз өз кәсібінің хас шебері атанады. Әрдайым сұранысқа ие болады, қоғамда сыйлы болады. Міне, осындай өмір сүрген адам ешқашан, ештеңеден ұтылмайды.

Қазіргі заман уақытты жылдамдатып, оқиғалар тізбегін қабаттастырады. Сөзіміз бен ісіміздің шынайы бағасын тарих таразысы ғана береді. Ар-ұжданшылығын тазалығы мен халқымыздың құрметі – бәріміз үшін үлкен сый.

Біз – рухани мұрасы бай, қарқынды даму әлеуеті зор, қуатты әрі өзін-өзі толық қамтамасыз ете алатын ұлтпыз. Шығыстың ұлы ұстазы әл-Фараби адамдарды әділ болуға, ақиқатты сүюге, ар-намысты қастерлеуге, сабырлы болуға және қашан да білімге ұмтылуға үндеді. Мемлекеттілігіміздің дамуында қуатты серпіліс жасай алған ұрпақ ретінде тарихта қалуға зор мүмкіндігіміз бар екенін сенімдімін. Елдің келешегі бізге, барлығымыздың қажырлы еңбегімізге байланысты.

Тәуелсіз елімізді қуатты мемлекет ретінде ұрпаққа аманаттау – біздің борышымыз. Алда талай сынақтар, күрделі кезеңдер болуы мүмкін. Дегенмен, ырысты ынтымағымызды сақтай білсек, алынбайтын асу жоқ.

Мен бүгін халқымыздың алдында тұрып, бастаған ісіміз берекелі болсын деп тілеймін.

Қазақ – ырымшыл халық. Мен биыл қасиетті Меккеге барған кезде Қаба төрінде ата-баба рухына Құран бағыштап, Алладан бір-ақ нәрсе сұрадым. Ол – елдің амандығы. Шын мәнінде, еліміз аман болса, жеріміз бүтін, бірлігіміз бекем, мемлекетіміз мәңгі болады. Осы құндылықтарды мызғымастай етіп бекіту – қазақтың перзенті, Қазақстанның Президенті ретіндегі менің қасиетті парызым. Ашығын айтқанда, қызмет – уақытша, ал халық – мәңгі.

Мен президенттік миссиямды халқымен бірге алдағы жеті жылда абыроймен атқарып шығамын деп сенемін. Біздің Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір! Сондықтан, әрқашан бірге болайық, ағайын!

Еліміз өркендей берсін!
Отанымыз – Қазақстан Республикасы жасасын!

Халқымыз жасасын!
Халқымыз әрқашан аман болсын!
Тәуелсіз Қазақстанымыз жасасын!



Ұлықтау салтанатындағы ұмытылмас сәттер



(Соңы. Басы 1-бетте)

Оны кең сарайда отырған игі жақсының ұзақ қол шапалақтауынан да айқын аңғаруға болушы еді. «Қазақта «Байлық не керек, адалдан жимасаң, билік не керек, әділдік құрмасаң» деген сөз бар. Бұл – бұлжытпай ұстанатын өмірлік қағидатым», – деген Мемлекет басшысы өзінің алдына адалдық пен айнамастық арқау болған жауапкершіліктің жоғары межесін қойғанын осылайша паш етті.

Президент сайлаудағы жеңісті тойлауды қоя тұрып, аянбай еңбек ететін кездің келгенін еске салды. Иә, күрделі кезеңде тұрған біздің халқымыз үшін дәл қазіргі уақытта тер төгіп, жұмыс істеудің өте-өте қажет екені айтпаса да түсінікті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығы туралы мәлімдемесі елді, қаймана қазақты бейжай қалдырмады. Халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұратын қазақстандықтар үшін бұл ерекше маңызды құжат болғалы тұр. «Ауыл – ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан ауылдағы жағдайды жақсарту алмасқа – бәрімізге сын. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселе-

сі туралы Жарлыққа қол қоямын. Осы құжат арқылы Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырамын», – деген Президент сөзін жұрт зор ықыласпен қабыл алды.

Үнемі шөміштен қағылып жүретін қайран ауыл еді. Енді бәрі сәтмен іске асса, алыстағы аудан, шалғайдағы ауыл халқының шаруасы дөңгеленіп, шырайы кіретін түрі бар. Лайым солай болсын деп тілейміз.

Бұдан кейінгі Президенттің жария еткен тағы бір Жарлығы да жұртты түгелдей желпінтіп өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев елден заңсыз шығарылған барлық активтің қайтарылатынын мәлімдеді. Яғни, жемқор жүйе мен оның былыққа бөлшектенген батқан мүшелерінің ұрпаған-жырпағанын елге қайтару – күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін мәселе. Және бұл аз дүние емес, бүтіндей бір мемлекеттің ырыздығына жарайтын өлшеусіз байлық. Бұл мақсатта Үкімет заңсыз шығарылған капиталды қайтару үшін қажетті рәсімдерді реттейтін заң жобасын әзірлемек. «Қайтарылған барлық қаражат азаматтардың игілігіне жұмсалуда тиіс. Бұл қаржыны жоғары технологиялы өндіріс орындарын

ашуға, мектептер мен ауруханалар салуға, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға пайдалану керек. Тиісті Жарлыққа бүгін қол қоямын», – дегенде залда отырған қауымның қол соғуы шешімнің қаншалықты әділетті және өзекті болғанынан хабар берді.

«Біздің басты байлығымыз – адам», – деп екпін беріп айтты Президент. Сол себепті де азаматтардың игілігі үшін барлық жағдайды жасаудың аса маңызды екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы салтанатты сәттегі баяндамасын «Біздің Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір! Сондықтан әрқашан бірге болайық, ағайын!», – деген елді бірлік пен татулыққа шақырған бәтуалы сөздермен аяқтады.

Салтанатты ұлықтау рәсімі аяқталған соң Президент елімізге танымал өнер жұлдыздарының концертін тамашалады. «Қазақстан» орталық концерт залының сахнасында Роза Рымбаева, Димаш Құдайберген, Рухия Байдүкенова, Әлішер Кәрімов, Біржан Хасанғалиев, Үшқын Жамалбек, Тамара Асар сынды әншілер, сондай-ақ «Астана балет» театры, «Contrast», «Terra» би

жұымдары мен тағы басқа мәдениет қайраткерлері өнер көрсетті.

Әсіресе, әлемге әйгілі әнші Димаш айтқан ән мен тартқан күй залдағы жұртты толқындай тербетті, мейірімдей елжіретті. Мерекелік көңіл-күйдің құшағындағы қауым талант иесіне ыстық ықыласы мен айрықша ырзашылығын «Димаш!» деп атын хормен атап, ұзаққа созылған қол шапалақтаумен білдірді. Ал «Атамекен» әні орындалғанда, жұрт орнынан тұрып кетіп, тамырда қанды ойнатқан туындыны қосыла шырқанды.

Рас, Қазақстан Республикасы Президентін ұлықтау салтанатының рәсімі жеті жылға жаңадан сайланған Мемлекет басшысының еңкейіп келіп Көк Туға ерін тигізіп, оң қолын Ата Заңға қойып ант бергеннен бөлек басқа да ұмытылмас сәттерге толы болды. Бұған Қарағанды облысы атынан жергілікті «Аманат» партиясының басшылығы бастап барған делегация мүшелері де куә болып, тарихи оқиғадан тартымды әсер алып қайтты.

ҚАРАҒАНДЫ

• ҰҚЫЛАС

Ауылды қолдау да, қорғау да қажет

Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа 7 жылдық мерзімге қайта сайлануына байланысты ұлықтау рәсіміндегі сөздерін толық тыңдап және одан кейін бірнеше оқып шықтым.

Президент жауапкершілігіне орасан зор міндеттер алды. Ата Заңымызға қолын қойып, бүкіл халыққа ант беріп, «...Мемлекет, ел мүддесі мен үшін бәрінен биік, ел сенімі мен үшін ең үлкен жауапкершілік», – деп толғана сөйлеуі біле-білген адамға өте керемет әсер қалдырғаны анық. Орасан жауапкершілікті мойнына алу, «орындаймын», «орындатамын», «барлық күш-жігерімді жұмсаймын» деп серт беру әркімнің қолынан келмейді.

«Қазір сайлаудағы жеңісті тойлайтын кез емес, аянбай еңбек ететін кез. Сол себепті арқаны кеңге салуға болмайды, бірден іске кірісуіміз керек», – деген Президент ұлықтау рәсімінен кейін бес Жарлыққа қол қойды. Соның ішінде, бірінші қол қойғаны ауылдық аумақтарды дамытудың 5 жылға арналған концепциясы. Бұл ауыл адамы, ауыл шаруашылығы маманы ретінде өзіме зор әсер етті. Яғни, Президентіміздің халықтың тең жартысына жуығы мекендеген ауыл мен ауыл шаруашылығын экономиканың қозғалушы күші, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қымбатшылықты

құрықтаушы, мықты ауыл ғана мықты мемлекеттің алтын діңгегі екеніне әбден көзі жеткені деп қабылдадым.

Ендігі мәселе – осы тапсырманы орындауға Үкіметтен бастап барлық деңгейдегі басшылардың бар күш-жігерлерін жұмсауында. Тағы бір айта кететін жайт бар. Осы арада ауыл шаруашылығы өндірісін қоса дамыту бағдарламасы бірге қабылданса деген ой туады. Өйткені ауылды қанша әспеттеп, жолы, суы, білімі, медицинасы, мәдениеті көтерілгенмен, ауыл шаруашылығы өндірісі қатар дамымаса, пайдасы жоқ жұмыс орыны ашылмаса, ауылда ешкім тұрақтаймайды. Сондықтан, «Ұлттық азық-түлік концепциясының» қабылданғаны абзал деп есептеймін. Ауыл шаруашылығын тығырықтан шығаратын 40 пункттен тұратын ұсыныстарымыз да бар. Бұл орайда Ауыл шаруашылығы министрлігі жергілікті жердегі ауыл мамандарымен де кеңескені ләзім. Жалпы, Президент бағдарламасында қоғамның қамтылмаған бірде-бір мәселесі қалмады. Тек әділетті Қазақстанды құру жолында Президентке бүкіл халықтық қолдау көрсету – баршаның міндеті деп есептеймін!

Никанбай ОМАРХАНОВ,
«Ауыл шаруашылығын
саласының үздігі»

Ел сенімі ақталған меже

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры. Әлемде «жаһандану дәуірі» жалын сипатар емес. Ал, Алаш елі үшін, міне, бір кезде данағой, әулие атанған Мәшһүр Жүсіп бабамыз болжаған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» керемет заман басталғалы тұр. Сонау еліміз Тәуелсіздік алған 1991 жылы бәріміз бөркімізді аспанға атып, шексіз қуанышпен жеті жылдан аса уақыт өткенде тағы сондай гажап көңіл күйді бастан кешіп отырмыз. Күні кеше мерзімінен тыс президенттік сайлау өтіп, Қазақстан халқы өз таңдауын жасады. Бұл сайлауда бұрынғыдай нақандылық, жалған ақпарат, «дерек жамау» байқалмады. Біз кәдімгі қарапайым адамдар ретінде осындай шынайы жайттарды аңғардық. Елдің бәрі саналы түрде шешім қабылдап, таңдау жасады. Нәтижесінде Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айқын көрсеткішпен ел Президенті болып, жеті жылға сайланды.

Білікті басшы, сұңғыла саясаткер, дарынды дипломат, бірнеше тілді еркін меңгерген Мемлекет басшысы бүгінгі әлемді жайлаған дағдарыс пен қымбатшылық кезеңінде де ел экономикасын көтеріп, тығырықтан алып шығатын жол табына сеніміміз көміл. Өзі бастаған жарқын жолы, әлеуметтік өмірге әл беретін бірнеше батыл бағдарламалары баянды болсын дей отырып, бәріміз де осынау ізгілікті ізге еріп, қайырлы іс-әрекетке қолдау көрсетейік дегіміз келеді. Үміт те етеміз. Үгіт те етеміз!

Айта кету қажет, Қазақстанның барлық саяси күштері сайлау кезінде әбден дайындалып алуға уақыты жеткілікті болды деп топшылаудамыз. Тұңғыш рет президенттікке екі әйел

үміткер тіркелді. Бұл – гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, әйелдің бизнес пен саясаттағы рөлін арттыру бойынша Қазақстанның демократиялық дамуын көрсететін тағы бір маңызды қадам. Плюралистік демократия мен бәсекеге қабілетті сайлау процесі үшін барлық керекті жағдайлар жасалды. Бұдан басқа, дауыс беру кезінде халықтың ерік білдіруі үшін мүмкіндіктер кеңейтілді. Атап айтқанда, заңнамаға түзетулер енгізілгеннен кейін сайлау бюллетендеріне «Барлығына қарсымын» деген жаңа баған енгізілді. Оған қазақстандықтардың 5,8%-ы дауыс берді.

Ел Президентін ұлықтау кезінде Қасым-Жомарт Кемелұлы санамызда жатталып қалар бірнеше «кілт сөздер» айтты. «Қазақ аманат деген асыл ұғым бар. Халқымыз сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз», – деді. Тағы бірде «Қазақта «Байлық не керек, адалдан жимасаң, билік не керек, әділдік құрмасаң» деген сөз бар. Бұл – бұлжытпай ұстанатын өмірлік қағидатым», – деп тебіренді. Осындай жүрекжарды сөздерді еліне жеткізіп, қызмет етем дегенінен айналып кеткің келеді.

Болмас елдің баласы шу көтереді. Болар елдің баласы Ту көтереді. Президентіміз жаһанның көз алдында туын бекемдеп, жұртты ынтымаққа шақырды.

Алаштың алтын кезеңі, міне, басталды!

Ботакөз САТЕЕВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды
университетінің
аға оқытушысы

• ДЕПУТАТ ПІКІРІ

Иә, сайлау өтті. Менің ойымша, біз үшін Қазақстан халқының пікірі маңызды. Қазақстан халқы Қасым-Жомарт Кемелұлына зор қолдау мен сенім көрсетті. Сайлау әділ және ашық өтті. Сайлауды өткізер алдында біздер жер-жерге барып, қазақстандықтардың қазіргі Президенттің саясатына қатысты ұстанымымен таныстық. Нақтылағанда қоғамдық ұйымдармен, азаматтық қоғам өкілдерімен кездестік. Сын бар. Бірқатар мәселелер бойынша жекелеген пікірлер легі бар. Сайып келгенде, Қазақстан – бірінші кезекте тұрақтылықты, елдігімізді сақтауға мүдделі.

Ендігіде Президентімізді ұлықтау рәсімінен кейін жаңа ережелер бойынша жоғары билік органдарын қалыптастыру кезеңі басталғанын атап өтуіміз абзал. Қазақстандағы саяси трансформация маусым айында елдің 77%-дан астамының мақұлдауымен, Конституцияға түзетулер бойынша референдум өткізуден басталды.

Биылғы жыл Қазақстанда саяси тәуекелге толы, сындарлы меже болды. Қасым-Жомарт Кемелұлының осы жоғары лауазымдағы қызметі ел экономикасы салаларының серпінді дамуына және қоғамды жаңғыртуға, неғұрлым

Ынтымақ жолындағы ымырашыл қадам



қолайлы өмір мен халықты кепілді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге, халықаралық аренадағы Қазақстанның беделін арттыруға қызмет ететіні сөзсіз.

Ойымның соңын Президентіміздің мына бір сөзімен тәмамдағымыз келіп отыр. «Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма – бағасы, алдағы

жоспарыма – батасы деп қабылдаймын. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ер-азамат үшін ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін. Қазақта «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымыздың сенімі – маған

аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмігін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Юлия БАДИНА,
Қарағанды облыстық
мәслихатының депутаты



● МЭЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақтағы барша бұқара санаулы жылдардан соң тұщы судан тарықпауы тиіс. Осы күні облыста сусыз кенересі кепкен 176 ауыл ауыз суға жаруы керек. Бұл түйінді мәселені күрмеуін кешіктірмей шешу жөнінде қазан айында Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та қадап айтқан. Өңір үшін өзекті проблеманың жіті назарға алынуы туралы да арнайы тапсырма берген-ді. Дегенмен, облыстың су мәселесін түбегейлі шешер күн, алыс емес секілді. Өйткені, жыл соңына дейін өңірдің орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтылуы 95 пайызға жетеді. Бірер жылда бұл көрсеткіш 100 пайыз болады деген батыл болжам бар.

— Облыстағы 176 ауылда таза су жоқ. Биыл 37 елді мекенге таза су беріледі. Басқа ауылдарды көп сзбай сумен қамту қажет. Соңғы жылдары Балқаш көлі күрт тартылып барады. Еліміздің орталығын сумен қамтамасыз ететін Сәтбаев каналының техникалық жағдайы мез емес. Білікті мамандармен бірлесіп, осы екі мәселені мұқият зерттеуді тапсырамын, — деген болатын ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысына сапарында. Негізі, Президент ауыз су жүйесі туралы жиі айтады. Бұған дейін де тапсырмалар беріліп, бүгінде оның да нәтижесіне бұқара куә.

Айталық, облыс халқын сапалы ауыз сумен және су бұрумен тұрақты қамтамасыз ету мақсатында биыл «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасымен 27 жобаны іске асыруға 13 132 740 мың теңге бөлінді. Бұл батылғы жылмен салыстырғанда бюджеттік инвестициялар көлемінің 15,9 пайызға ұлғайғанын көрсетеді.

Осы бөлінген қаражатқа 234 шақырымнан астам су құбыры мен кәріз желілерін салу, реконструкциялау жоспарланған екен. Оның 104

Аңқасы кепкен ауылдар азаяды



Коллаж жасаған Арайлым КОКТАЕВА

шақырымы қалаларға, 129 шақырымнан астамы ауылдарға тиесілі.

Су құбырының жаңғыруы жұртшылықты сапалы ауыз сумен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мысалы, осындай ілкімді жобалардың арқасында 8 қаладағы халықтың орталықтандырылған ауыз сумен қамтылуы 92,2 пайызды көрсетеді. Бұл дегеніміз — облыстың 891 505 мың тұрғыны. Жылдың қорытындысына бұл көрсеткіш 98,5 пайызға жетеді дейді ресми деректер.

Мемлекет басшысының ауыз сумен 100 пайыз қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау үшін биыл қалалық сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға 7 667 428 мың теңге бөлінді. Ол қаражатқа 104,5 шақырым су құбыры және кәріз желілерін салу және реконструкциялау көзделген.

Ауылда тұратын ағайынның осы күні 91,4 пайызы орталықтандырылған жүйеден су ішіп отыр. Ол — 208 120 адамы бар 349 ауыл.

Орталықтандырылған су жүйесі жоқ ауылдың 81-інде жерасты

суының қоры нақтыланған. Яғни, су желісін тартуға негіз бар.

Биыл ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтауға 5 465 312 теңге қарастырылған. Аталған қаражатқа 129,6 шақырым су және кәріз желісі тартылды. Сонымен, жыл соңында таза су тұтынатын ауыл адамдарының үлесі 92,4 пайызға жетеді.

Қарағанды облысындағы ірі жобалардың бірі — «Жарлы-Қарқаралы» су құбыры. Бұл су құбыры құрылысында 38,2 шақырым болса, оның 21 шақырымына құбыр төселіп, желі тартылды. Бұқар жырау ауданы, Қаражар ауылдық округінің Асыл ауылындағы ауыз суды шешу үшін инженерлік желілер дайындалып, іске қосу-жөндеу жұмыстары басталды. Сондай-ақ, Шет ауданы Бұрма ауылында да су құбырының 90 пайызы тозығы жетіп тұрғанын талдаулар анықтаған. Сол талдау-зерттеу арқылы 24 шақырымға жуық су құбырының 20 шақырымы ауыстырылды. Ауылға су алдағы жылы келеді. Бұл құрылыстың мөреге жетуіне аз қал-

ды. Соның арқасында 1300 адам ауыз судан кемдік көрмейді.

Деректерге жүгінсек, тоқсаныншы жылдары облыстағы ауылдың жағдайы қанағаттанарлық деңгейде болмағанымен, эпидемиологиялық мониторинг деректері сырттанушылық көрсеткіші 1,8 есеге өскенін көрсетті. Инфекция жұқтырғандар саны тәулігіне 10 адам болса, 24 қарашадағы тәуліктік көрсеткіште 27 жағдай тіркелген.

Қазіргі уақыт — ЖРВИ, тұмау ауруларының эпидемиологиялық маусымы. Қазанның басынан жіті респираторлық вирустық инфекциялардың 11 561 жағдайы тіркелді. Өткен жылмен салыстырғанда сырттанушылық деңгейі 1,2 есеге өскен. Атап айтқанда, В тұмауының 133 жағдайы тіркелсе, оның ішінде 14 жасқа дейінгі 43 бала тұмаумен ауырған. Бүгінде тұмаудың ерте және белсенді айналымы өтуде.

Аурудың көпжылдық динамикасын талдау кезінде, аймақта тұмау мен ЖРВИ жұқтырғандар саны желтоқсан айының соңы мен 2023 жылдың ақпан айының ортасында өсуі мүмкін деген болжам күтілуде.

Жергілікті бюджет қаражатынан 172 200 доза мөлшерінде тұмауға қарсы вакцина алынды. Қазіргі уақытта халықтың 14,2%-ы, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар 21%-ы тұмауға қарсы егілді.

Суық тию себебінен, еңбекке қабілеттілігін уақытша жоғалтқандар саны да күрт өсіп, 40%-ды құрады. Әсіресе, көмір, металлургия өнеркәсібі, автокөлік кәсіпорындарында, Халыққа қызмет көрсету, сауда салаларында сырттанушылықтың жоғары деңгейі байқалауда.

Тұмаудан мөлшерін азайтудың тиімді тәсілі — вакцина алу. Әрі сырттанушылықтың жоғары деңгейіне қарсы вакцина алу. Әрі сырттанушылықтың жоғары деңгейіне қарсы вакцина алу. Әрі сырттанушылықтың жоғары деңгейіне қарсы вакцина алу. Әрі сырттанушылықтың жоғары деңгейіне қарсы вакцина алу.

Мемлекеттік сатып алу басқармасы тұрақты негізде ішкі мемлекеттік аудит департаментімен бірлесіп отырып, облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, қалалар мен аудандар әкімдіктері үшін мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың баптары мен тармақтарын түсіндіру бойынша онлайн режимде семинар-кеңестер өткізетіндіктері жайлы айтқан Азамат Мұқанов әрқашан ашық диалогқа дайын екендіктерін де атап өтті.

Қарағанды облыстық мәслихаты хатшысының
ӨКІМІ

Қарағанды қ.

№ 2-5/12-98

28 қараша 2022 ж.

Облыстық мәслихаттың кезекті XXI сессиясын шақыру туралы

Облыстық мәслихаттың кезекті XXI сессиясы 2022 жылғы 8 желтоқсанда сағат 10.00-ге (Әлиханов көшесі, 13, конференц-зал) шақырылсын.

С.ӨТЕШОВ,

Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы

ХАБАРЛАМА

Облыстық мәслихаттың 2022 жылғы 8 желтоқсандағы кезекті XXI сессиясының қарауына мына мәселе шығарылады:

- 1) 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.
- 2) Қарағанды облыстық мәслихаты хатшысының 2022 жылғы атқарылған жұмысы жөніндегі есебі туралы.
- 3) 2022-2024 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 2022 жылы жүзеге асырылуы туралы.
- 4) Басқа да мәселелер.

С.ӨТЕШОВ,

Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы

● COVID-19

Эпидемиологиялық алаңдатады

Аймақта коронавирус инфекциясы мен тұмау жұқтырғандар саны күн санап көбейеде. Созылмалы жұқпалы аурулар — туберкулез бен бруцеллез бірнеше есеге өскен. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен брифингте санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Юрий Залыгин мәлімдеді.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Коронавирус пен тұмау қарқын алуда

Өңірде коронавирус инфекциясының эпидемиологиялық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде болмағанымен, эпидемиологиялық мониторинг деректері сырттанушылық көрсеткіші 1,8 есеге өскенін көрсетті. Инфекция жұқтырғандар саны тәулігіне 10 адам болса, 24 қарашадағы тәуліктік көрсеткіште 27 жағдай тіркелген.

Қазіргі уақыт — ЖРВИ, тұмау ауруларының эпидемиологиялық маусымы. Қазанның басынан жіті респираторлық вирустық инфекциялардың 11 561 жағдайы тіркелді. Өткен жылмен салыстырғанда сырттанушылық деңгейі 1,2 есеге өскен. Атап айтқанда, В тұмауының 133 жағдайы тіркелсе, оның ішінде 14 жасқа дейінгі 43 бала тұмаумен ауырған. Бүгінде тұмаудың ерте және белсенді айналымы өтуде.

Аурудың көпжылдық динамикасын талдау кезінде, аймақта тұмау мен ЖРВИ жұқтырғандар саны желтоқсан айының соңы мен 2023 жылдың ақпан айының ортасында өсуі мүмкін деген болжам күтілуде.

Жергілікті бюджет қаражатынан 172 200 доза мөлшерінде тұмауға қарсы вакцина алынды. Қазіргі уақытта халықтың 14,2%-ы, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар 21%-ы тұмауға қарсы егілді.

Суық тию себебінен, еңбекке қабілеттілігін уақытша жоғалтқандар саны да күрт өсіп, 40%-ды құрады. Әсіресе, көмір, металлургия өнеркәсібі, автокөлік кәсіпорындарында, Халыққа қызмет көрсету, сауда салаларында сырттанушылықтың жоғары деңгейі байқалауда.

Созылмалы жұқпалы аурулар күрт өскен

Аймақта жіті ішек инфекцияларымен сырттанушылық 56%-ға, бруцеллез 22%-ға, туберкулез 32%-ға, дерматомикоз 48%-ға, гриппке 42%-ға, жіті тамақтану ауруларының саны тәулігіне 1,6 есеге, энтеровирустық этиологияның серозды менингиттері 7 есеге өскен.

Биыл алғаш рет бруцеллездің 22 жағдайы анықталды. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі төрт бала ауырған. Ауру, көбінесе, ауыл тұрғындары арасында тіркелуде. Шахтинск қаласының тұрғындары арасында бруцеллезбен сырттанушылықтың 6 есеге, Абай ауданында — 5 есеге, Шет ауданында — 4 есеге, Бұқар жырау ауданында — 3 есеге өсуі байқалды. Аурудың негізгі жұқтыру себебі, 95% — өңдеусіз сүт өнімдерін тұтынумен және үй жануарларына күтім жасаумен байланысты.

Биыл туберкулезбен сырттанғандардың жоғары көрсеткіштері Балқаш, Қаражал, Жезказған, Теміртау, Сәтбаев қалаларында, Ұлытау, Абай және Нұра аудандарында байқалады. Кейінгі кезде жаңа туған нәрестелердің ата-аналарының туберкулезге қарсы егуден бас тарту жағдайлары жиілеп кетті. Салдарынан 1596 жаңа туған нәресте егілмеген.

Туберкулездің алдын алуының нақты шарасы — иммунитеттің дамуын ынталандыратын вакцинация және де жыл сайынғы флюорографиядан өту.

«Ауру — астан»

Облыста суши мен роллдан улану жиі тіркелуде. Мәселен, Теміртау мен Қарағандыда топтық уланудың 3 жағдайы тіркелді. Зардап шеккендердің басым бөлігі Instagram арқылы тапсырыс берген. Суши компоненттерінде инфекция қоздырғыштары жақсы сақталмай және көбейе береді.

Тез ауып болатын өнімдерді сатып алуға мұқият болған жөн. Арнайы гигиеналық талаптарға сай орындардан тамақтанған немесе тапсырыс берген тиімді. Азық-түлікті термиялық өңдеу, сондай-ақ көкөністер мен жемістерді мұқият жуу міндетті.

Облыс тұрғындарының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын арттыру мақсатында бірқатар аурулардың алдын алуға жүйелі жұмыстар атқарылып, жақсы нәтижеге қол жетті. Атап айтқанда, профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың арқасында инфекциялық және паразиттік сырттанушылық бойынша қалыпты эпидемиологиялық жағдай байқалуда. Дифтерия, полиомиелит, қызамық, қызылша, сіреспе, сибір жарасы, құтыру инфекциялары тіркелмеген. «А» вирустық гепатиті, менингококк инфекциясы, эпидемиялық паротит өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда деңгейі төмендеген.

● ЖЕМҚОРЛЫҚ — ЖЕГІ ҚҰРТ


Мемлекеттік сатып алудың жаңа тәсілі

Салтанат ІЛИАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттік экономикасына аяусыз соққы беретін сыбайлас жемқорлықпен күрес қаншалықты қарқынды жүрсен де, қиыннан қиыстырып орайын тауып, жымқырып қалатындардың түп-тамырына түбегейлі балта шабу әзірге мүмкін болмай тұр. Жемқорлықтың зардабын әсіресе бизнес өкілдері көріп бағуда. Мәселен, мемлекеттік сатып алулар саласында елімізде жыл сайын бюджетке 100 млрд. теңге көлемінде шығын келтіретін мыңдаған заң бұзушылықтар анықталады. Ал, Қарағанды облысында биылғы жылдың өзінде ғана екі мыңға тарта шағым түскен. Бұл туралы облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінде ашық диалог форматында өткен кездесуде белгілі болды. Кездесуге облыс әкімінің бірінші орынбасары Вадим Басин қатысты.

Талқылауға түскен басты тақырып — сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қысқартуға ықпал ететін және конкурстық рәсімдерді өткізудің ашықтығын қамтамасыз ететін мемлекеттік сатып алулар саласындағы заңнамалық инновациялар. Сәйкесінше, қатысушылар да өңір кәсіпкерлері, құрылыс, жол, коммуналдық шаруашылық, жер қатынастары саласындағы қызметтерді жеткізушілер болды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Вадим Басин өңірдегі кәсіпкер-



лік мәселелеріне ерекше көңіл бөлінетінін айтады.

— Облыс әкімдігінің, өңірлік кәсіпкерлер палатасының диалог алаңдарында бизнес-қоғамдастықпен кездесулер өткізіліп тұрады. Бүгін бизнес жүргізу жағдайларын жақсарту аясындағы кездесуіміз Сыбайлас жемқорлыққа қарсы орталық алаңында өтуде және сыбайлас жемқорлықтың ықпал ету деңгейін төмендетуге бағытталған. Біз кәсіпкерлерді алаңдататын мемлекеттік сатып алулар саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын қарастырамыз. Кездесу нәтижелі өтетініне сенімдімін, — деді Вадим Басин.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облыстық департаменті басшысының бірінші орынбасары Әсет Арыстанбеков кәсіпкерлік саласында анықталған заң бұзушылықтар бойынша статистикалық деректерді алға тартты.

— Соңғы үш жылда бизнес субъектілерінің қызметіне заңсыз араласудың 12 фактісін анықтадық. Олардың дені тариф белгілеу, салық салу, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, мемлекеттік қызметтер көрсету және

мемлекеттік сатып алулар саласында. Тоғыз адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды, — дейді Әсет Ақытұлы.

Одан бөлек, облыстық ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ақпараты бойынша биыл 647 лот бойынша мемлекеттік сатып алулар қорытындылары қайта қаралған. Нәтижесінде 30 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Айыппұлдардың жалпы сомасы — 25 млн. теңгеден асады.

Ал, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Азамат Мұқанов сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында енгізілген сатып алудың үш жаңа әдісі туралы айтты. Олардың екеуі биылғы жылғы шілдеден қолданысқа енгізілген. Бірі — рейтингтік-балдық жүйені қолданатын конкурс болса, екіншісі негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып өткізілетін конкурс.

Енгізілген жаңалықтарға сәйкес, конкурс және аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу облыстың, аудандардың және қалалардың бірыңғай ұйымдастырушылары жүргізеді.

— Облыстың бірыңғай ұйымдасты-

● ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

«Шалқыма» концерт залында КСРО Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, композитор, профессор Еркеғали Рахмадиевтің 90 жылдығына арналған концерт өтті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еркеғали Рахмадиевтің мемлекеттік консерваторияны сегіз жыл басқарды. 27 жыл бойы Қазақстан Композиторлар одағының төрағасы болды. КСРО Композиторлар одағының хатшысы, Мәдениет министрі қызметтерін қоса атқарған. Саналы ғұмырын қазақтың музыка өнеріне сарп еткен ардақ.

Оның «Қамар сұлу», «Алламыс», «Абылай хан» сынды операның, оркестрлік, вокалды-хор, театралды-сахналық, камералық-аспапты көптеген туындылары, әндер мен романстары ел жүрегінде қаттаулы.

Осы кеште Е.Рахмадиев атындағы Қарағанды симфония оркестрі мен жеке орындаушылар Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткерлері – Талғат Күзембаев, Гүлзат Даурбаева, Дәуренбек Әрқенов өнер көрсетті. Фортепиано пернесінен Серік Еркімбеков таңғажайып саз төкті. Бас дирижер Петр Грийановтың жетекшілігімен саз сүйемелдеген оркестр көпшілікті рухани ләззатқа бөледі.

Сағынышқа толы саз кеші



Кешке композитордың жұбайы Клара Рахмадиева мен жақындары, Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері Дүйсен Қасейінов, Қазақстан Композиторлар одағының төрағасы Серік Әбдинуров қатысты. Мерейлі шара соңында Клара анамыз тебіреніп былай деді.

– Ерекен көзі тірісінде Қарағандының көрерменін ерек қадірлейтін. Үнемі, «Кенді шаһардың көрерменіндей музыка түсінер талғампаз жұрт жоқ-ау», – деп

таңырқап, сүйсініп жүруші еді, шіркін. Білесіздер ме, шығармашылық адамы үшін риясыз соғылған шалапақ пен қошеметтен артық дүние жоқ. Әлі есімде. Бірде Еркеғали өнер сапарымен Қарағандыға келген-тін. Сахнада Алматының симфониялық оркестрі өнер көрсетті. Музыка құдіретіне елігіп, тәнті болған облыс басшылығына сонда Ерекен «Мұндай өндірісті өңірде симфониялық оркестрдің болмауы, ұяттау дүние. Чехия-

да әр қала тұрмақ, әр мектебінде өзінің симфониялық оркестрі бар. Сіздерге неге оркестр құрмасқа?» депті. Абдырап қалған обком хатшысы «Ол үшін не істемек қажет?» деп сұрапты. Ерекен «Талантты қыз-жігіттердің басын құрап, қолдарына аспап беру қажет. Әлбетте, пәтермен де қамту маңызды. Осының бәрі сіздерге әу баста қымбат көрінгенімен, соңыра өнердің көзәсеріне қанып, қуанатын боласыздар», – деп идея тастаған еді...

● КӨРМЕ

«Куәгер» романы – көрмеде

Бүгін, яғни, 29 қарашада жерлес жазушымыз, қазақ әдебиетінің классигі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғабиден Мұстафиннің туғанына 120 жыл толып отыр. Осыған орай 26 қарашада жазушының туған өңірі Теміртау қаласының тарихи-өлкетану мұражайында «Куәгер» деп аталатын көрме ұйымдастырылды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұражай қызметкерлері көрмеге жазушының мемуарлық «Куәгер» романын негіз етіп алған. Көркем-сөз зергері осы туындысында және «Өмір не өлім», «Қарағанды» романдарында Орталық Қазақстан аймағының тарихын, өнеркәсібінің қалыптасып, дамуын суреттегені оқырманға белгілі. Көрмеге қаламгердің осы және басқа да кітаптары қойылды. Оның экспозициясын

Мұстафиннің мұрағатынан алынған отбасылық құжаттар мен фотосуреттер, тірісінде тұтылған заттары, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі Хайниша Мұстафинаның «Куәгер» романына жасаған иллюстрациялар толықтырды.

Көрме желтоқсан айының ортасына дейін жалғаспақ.

ТЕМІРТАУ



● СҮЙІНШІ!

Қос жеңімпаз да қарағандылық!



Еліміздің барлық өңірінен өнерлі өрендер қатысқан ҚХА-ның республикалық «Мың бала» мәдени-ағарту жобасының қорытындысы шықты. Астана қаласында өткен айтулы шарада Қарағанды облысының екі өкілі – «Өнер алды – қызыл тіл» номинациясы бойынша Қарағанды қаласындағы «Шәкәрім атындағы гимназия»

КММ-нің оқушысы Виктор Карверин мен «Өнерлі өрге жүзер» номинациясы бойынша Теміртау қаласындағы «SOS Теміртау балалар ауылы» ЖББМ-нің оқушысы Лида Арешина жеңімпаз атанды. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен дипломдар табысталды.

Өз тілшімізден

● КЕЗДЕСУ

«Алаш арыстары Түркі баласына ортақ»

Мағжан Жұмабаев атындағы №39 мектеп-гимназияда «Мен жастарға сенемін!» атты Алаш автономиясының 105 жылдығына арналған іс-шара өтті. Іс-шараға Түркия еліндегі Акдениз университетінің PhD докторы Саваш Шахин келіп, Мағжанның «Алыстағы бауырыма» жырының түрік халқы үшін маңыздылығымен бөлісті.

Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қазақтың қайсар рухты ақыны Мағжан Жұмабаев «Алыстағы бауырыма» атты тарихи өлеңін XX ғасырдың басындағы Түркияның тағдырына алаңдап жазған. Бұл Түркиядағы Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған ұлт-азаттық күрестің басталған кезеңі еді.

1919 жылдың 19 мамырында Мұстафа Кемал Самсунға инспектор ретінде аттанып, сол жылдың жазында-ақ Одақтас елдердің басқыншылығына қарсы түріктердің ұлт-азаттық көтерілісін бастады. Осман империясының бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіліс тауып, Ыстанбұл Антанта одағының қолына өтіп, капитуляция шарты бойынша ел армиясы толық таратылып, қарусызданып жатқан шақ болатын бұл, – деп тарихи жырдың мазмұнын ашты Саваш Шахин. Расында, түрік тәуелсіздігіне қа-



уіп төнгенін жар салып, Осман армиясы қатарынан кеткен Ататүрікті ел қолдағанымен, Сұлтан билігі аяқтан шалып, тіпті сыртынан өлім жазасына кеседі. Іштегі күрестен де қауіпті соққыны солтүстік-шығыста армяндар, батыста гректер ұдайы қайталап жатты. Антанта үштігінің капитуляция шартын желеу етіп, тізеге салуы да жаңа бағытқа бет бұрған түрік жұртына ауыр тиді.

Осындай қиын-қыстау шақта Мағжан Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма» атты жалынды жыры түбі бір түркі халқына медет болды.

Жаулары жан-жақтан анталаған түрік жұртының тағдырына алаңдап жазылған бұл тарихи өлең бауырлас

екі елдің достық ұранына айналды.

Бұл туралы мектеп-гимназия директоры Абылай Армияұлы да жиналған оқушыларға баяндады.

– Алаш арыстары тек қазақ елінде ғана танылмаған. Олар – бүкіл одаққа аты шыққан жандар. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, бұл тұлғалар елдің ымырасы үшін басын бөйгеге тіккен жанкештілер. Сонымен қатар, дәл осы Алаш арыстарын тек біз ғана емес, бүкіл түркітілдес мемлекеттер танып біледі. Өйткені, олардың ойында Алаш арыстары – түріктерге ортақ тұлғалар, – деді мектеп директоры Абылай Армияұлы.

Осындай тағлымды талқылау-

дан соң оқушылар Мағжан өлеңдерін жатқа оқыды. Оқушылардың жырға деген қызығушылығы алыстан келген Саваш Шахин мырзаға қатты ұнады.

– Бұл менің Қазақстанға алғаш сапарым. Өзежайдан түскелі бері қазақ бауырларымыздың ыстық ықыласын көрудемін. Оқушылардың ата-бабаларына деген құрметі, жыр оқудағы мінезі мен өрлігіне қайран қалдым. Бұдан былай мен сіздердің Түркиядағы елшілеріңіз болайын. Сонау Ататүрік заманындағы қиын-қыстау тағдыр сіздерде де болғанын білемін. Қазақ ұлты – мың өліп, мың тірілген ұлт. Осының өзі-ақ бұл мемлекеттің қайтпас қайсарлығын айқындап тұрғандай, – деп аяқталды сөзін түрік ғалымы Саваш Шахин.

● ФОРУМ

Әке отбасының да, қоғамның да қорғаны

Кеншілер шаһарында «Сенімен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен әкелер форумы өтті. Шараға облыс әкімдігі, білім және ішкі саясат басқармалары қолдау көрсетті.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мақсат – замана дидары ауысып, қазіргідей ақпараттың ағылған, технологияның дамыған жаһандану кезеңінде отбасындағы кенжелеп қалған тәрбиені жаңғырту. Белгілі қоғам қайраткерлері, ғалымдар, педогогтер қатысқан форумның көздеген міндеті – түрлі салалар мен мамандықтардан құралған әкелерді бір диалог алаңында жинап, бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелерді талқылау, отбасы құндылықтарын насихаттау және қоғамдағы зиянды әрекеттерден баланы қорғау.

Жүздеген мамандық, кәсіп түрі бар. Бірі темір жол құрайды, басқасы үй салады, үшіншісі бидай өсіреді, төртіншісі адам емдейді, бесіншісі киім тігеді. Сөйте тұра, барлық кәсіп иелерін алмастыруға болады. Орнын толтыруға болмайтын бір ғана мамандық бар. Ол – ұлға әке болу. «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген бір ауыз сөзге бүкіл тәрбиенің бастауын қазақ атамьз сыйғызса білген. Асқар таудай әкесін пана тұтқан, ана атты бұлақтың мейіріміне қанып өскен ұрпақ өзгеге де мейіріммен қарап, рухы асқак, пайымы бөлек, тәрбиелі болары хақ.

Аталмыш форумға «Сені-

мен болашақ» бірлестігінің негізін қалаған Нұркен Асанов, «Тұлғатану» орталығының жетекшісі Нұрсахан Бейсембеков, Е.Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультетінің аға оқытушысы Руслан Тоқатов, Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономика университетінің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Айдын Кернебай сынды спикерлер қатысты.

Жаһанның әр ақпараты бала бойына жылдам сіңіп, оның санасын сан-саққа бұрып жатқан заманда әр ата-ана бала тәрбиесіне араласпаса, оны ортасы тәрбиелеп кетеді. Ал, баланың ата-анасымен қарым-қатынасы тығыз, шынайы болса, ондай балаға қоғам әсер ете алмайды. Қоғамда саналы ата-ана мәдениетін қалыптастыруды, ата-ананы ортақ алаңға жұмылдыруды, рухани құндылықтарды насихаттауды мақсат еткен «Сенімен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі осыдан екі жыл бұрын құрылған еді. Бүгінде еліміздің 18 аймағында бірлестіктің филиалдары жұмыс жасауда. Білім ордаларымен тығыз қарым-қатынас орнатып, мектеп, отбасы, бала атты үш тұғырлы негіздегі бағдарламаны іске асыруда.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Туризм тұраламасын десек...

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аудандағы туризмнің дамуына ықпал етуде. 112,1 мың гектар жерді қамтып отырған парк аумағында төрт жүзге жуық тарихи-мәдени ескерткіш бар. Соңғы уақытта жыл сайын келетін турист саны жиырма мыңға жетіп отыр.

Қазақтың кез келген жері тарихымен ерекше және табиғаты да тамсана тамашалауға тұрарлық. Алайда, сол жерлерде лайықты туристік сервистің болмауы туризмнің дамуына қолбайлау болып отыр.

Думан ЖҮНІСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Келушілерге ауданда орналасқан 2,8 мың төсектік 35 демалыс орны қызмет көрсетеді. Оларда 300-ден астам адам еңбек етіп, туристердің демалысын қамтамасыз етуге күш салуда. 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында өңірге тоғыз мыңға жуық турист келген. Соның арқасында жергілікті бюджетке 265 млн. теңге кіріс кірген.

Мұндағы 21,3 мың гектар аумақ туристік-рекреациялық бағытқа арналған. Онымен қоса реттелетін туризмді дамыту мақсатында ұлттық парк аймағынан 4 жер учаскесі – 9,44 гектар ұзақ мерзімге жалға берілді. Қысқа мерзімге 9 жер учаскесі беріліп, 13 тұлғамен келісімшарт жасалды.

Туризм саласын дамыту мақсатында парктің бас жоспары Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетімен келісіле отырып, сараптамадан өткізілу үстінде. Оның қорытындысы бойынша туризмге арналып ұзақ және қысқа мерзімдерге учаскелер берілмек. Сонымен қатар, ұлттық парктің ақылы қызмет көрсетуі үшін жалпы алаңы 10,5 гектар болатын 15 учаске қаралуда.

Ұлттық парк аумағында жалпы ұзындығы 785,8 шақырым болатын 11 туристік маршрут бекітілген. Биыл стандарттарға сәйкес 6 млн. теңге сомағына 4 маршрутты таңбалау жүргізілді. Олар – «Шайтанкөл», «Тас ертегісі», «Үш үңгір» және «Қызыл кеніш» маршруттары.



Коллекция жасаған Ш.Аманжол

Қарқаралы қаласының бас жоспарына сәйкес, осы саладағы жобаларды іске асыруға арналған қала аумағындағы әлеуетті учаскелерде туризмді дамыту жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, өткен жылы қала аумағында орналасқан 8 жер учаскесі туризмнің жаңа нысандарын ашу үшін пайдалануға берілді. Мұндай іс-шаралар қазіргі күні де жалғасын табууда. Шағын демалыс аймақтарын ашу, қаланың батыс бөлігінде кемпинг салу жоспары бар.

«Айса» шаруа қожалығы жанындағы 150 орындық кафе, сауна және басқа да қажетті инфрақұрылымы бар «Family house» қонақ үйінің құрылысы бойынша жоба аяқталу сатысында. Мұндағы демалыс базасын ет, сүт, жұмыртқа мен балық, көкөніс сияқты өз өнімімен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Аталмыш нысан келесі жылы іске қосылмақ.

Құны 40 млн. теңге болатын 40 орындық «Жасыл аймақ» демалыс үйінің құрылысы аяқталуда. Жеке кәсіпкер Жұмабеков шағын қонақ үй ашуды қолға алуда. «Акимбеков А» ЖК ескі қаланың қазандық ғимаратын жөндеп, қонақ үй ашуды

жоспарлауда. Жас кәсіпкер Айжан Оңғарбай «Ұлттық жоба» мемлекеттік бағдарламасы аясында жеңілдетілген несие алып, оған өз қаражатын қосып, «Тасбулақ» шатқалында заманауи демалыс орнын ашты. Киіз үй пішіндес демалыс орындары келешекте туристердің қызыға келетін жеріне айналмақ.

Бұдан басқа, туризм саласындағы жобаларды іске асыратын кәсіпкерлерді қаржылай қолдау бойынша көптеген жұмыстар жасалуда. Әлгінде айтқан «Ұлттық жоба» мемлекеттік бағдарламасының гранттық қаржыландыру бағыты бойынша «Қарқаралы бағдары» демалыс орнын дамытуға 5 млн. теңге қаржы бөлінді. Кент ауылындағы жас кәсіпкер аудан әкімінің грант қаржысына шағын қонақ үй ашуды жоспарлауда. Ауданға қарасты Бұғылы шатқалында туристік аудан салу жобасының құжаттары әзірленуде.

Бүгінде аудан кәсіпкерлеріне туризм саласының тетіктерін үйрету шаралары қолға алынууда. Жұрыда ауданға Қазақстанның туристік ассоциациясынан бір топ маман келіп, Қарқаралы мен Егіндібұлақта екі

күндік семинар-сабақ өткізді. Мақсат – демалыс орындары мен шағын қонақ үйлер ашу жолдарын үйрету және кәсіпкерлерді бизнеске тарту. Бизнеске қаражат табу, оларды тиімді пайдалану жолдары да айтылды. Егіндібұлақта өткен семинарға Қарқаралыдағы шағын қонақ үйлер қожайыны және аймақ туризмі қауымдастығының реттеуші маманы З.Мырсымақова өз пікірімен бөлісті. Жастарды осы жұмыстармен айналысуға ниеттеу, өңірге туристік сапармен келушілерге жағдай жасау сол арқылы кәсіпкерлікті дамыту да сөз болды.

Ауданда туризмді дамытудың алғышарты – жол. Бүгінде жол мәселесі өз кезегінде шешілу үстінде. Таулы, орманды өлкелердегі орналасқан демалыс орындарын байланыс желілерімен жабдықтау, қонақ үйлерді заман талабымен келушілердің сұранысына сай етіп дайындау басты мақсат болып отыр. Аталмыш саланың өңірдегі іргетасы әлдеқашан қаланғаны белгілі. Ендігі міндет – қолда бар алтынды қадірлеп, халық қәдесіне жарата білу.

Қарқаралы ауданы

● ЖАЗУШЫ ҒАБИДЕН МҰСТАФИННІҢ ТУҒАНЫНА – 120 ЖЫЛ

Биыл қазақ әдебиетінің классигі, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ғабиден Мұстафиннің туғанына – 120 жыл. Республика көлемінде жыл бойы аталып өтіп жатқан Ғабиденнің мерейтойы 25 қарашада туған жері – Мұстафин кентінің Мәдениет үйінде жалғасты.

Жазушы мерейтойын жерлестері де атап өтті



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұстафин кенті орналасқан аумақ бұрын Тельман ауданына қарап, ол таратылған соң Бұқар жырау ауданына қосылған еді. Міне, осы жерде 1902 жылдың 29 қарашасында болашақ сөз зергері дүниеге келген. Жауыртаудың баурайында, Нұра өзенінің бойында туған ол ауыл молдасынан алған аз ғана білімімен-ақ Алатаудай атағы Алшақ Танылып, қазақ көркемөнерінің хас шеберіне айналып, соңында өлмес туындылар қалдырды. Шығармашылығын «Сәрсен мен Боқаш» әңгімесінен (1927 ж.) бастаған ол әдебиетіміздің алтын қазынасына «Миллионер» повесі, «Өмір не өлім», «Қарағанды», «Шығанақ» романдары, тағы да басқа шығармаларымен өлшеусіз үлес қосты. Еңбегі лайықты бағаланып, Ленин, Еңбек Қызыл Ту, II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен марапатталып, ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, ҚР Орталық партия комитетінің мүшесі болды. Жазушы есімі туған жеріндегі Токаревқа кентіне, Қарағанды қаласындағы №83 мектеп пен бір көшеге беріліп, ескерткіш мүсіні қойылды.

Жазушының мерейтойына еліміздің түпкір-түпкірінен қонақтар келді. Мәдениет үйінде өткен салтанатта Бұқар жырау аудандық мадрихатының хатшысы А.Әліев, экономика ғылымдарының докторы, профессор Ә.Әлімбаев, жазушының

нағашысы Ә.Құсаинов пен немересі М.Құрманғалиева қаламгер еңбектеріне тоқталып, қаламгер туралы деректер айтты.


Келесі кезекте аудан өнерпаздары өнер көрсетіп, сахна шығармашылығын «Эдельвейс» үлгілі хореографиялық ансамблі «Менің Қазақстаным» композициясымен ашып, жүргізушілер Е.Қалиев пен Б.Құдайбергін көрермендерге жазушы өмірінен тың деректер келтірді. Зауре Төлеубаеваның режиссерлігімен «Миллионер» пьесасы сахналанды. Бұдан кейін кенттегі Токаревқа тірек мектебінің оқушылары Ғабиденнің ұлағатты сөздерін мөнерлеп оқыса, «Эдельвейс» бишілері мың бұрала биледі. Ал, Ж.Елжанов пен Р.Жылыбай мерейтой иесіне өлең арнап, балалар саз мектебінің өнер ұжымы күмбірте күйі тоғип, Қ.Талашев, Ж.Хасенова, А.Аманжолұлы, отбасылық дуэт Т.Уаш пен А.Бердімұрат, саз мектебі ұстаздарының квартеті әсем әнінен шашу шашты. Салтанатты кешті Ақтөбе ауылының әншісі Д.Бөген «Қазақты ел қайда» әнімен қорытындылады.

Сонымен, халықтың қайнаған ортасынан шығып, Халық жазушысы атанған Ғабиден Мұстафиннің 120 жылдық мерейтойы өз туған жерінде де айрықша аталып өтті.

Бұқар жырау ауданы

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Электроэнцефалография аппараты орнатылды



Балқаштағы №1 емханаға заманауи электроэнцефалография аппараты орнатылды. Бұл жабдық арқылы науқас сырқатының миға әсерін және мидағы аурулар туралы ақпаратты нақты анықтауға болады. Құны 9,5 млн. теңге тұратын медициналық құрылғы Ресейде жасалған.

Нұрдос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бұл ЭЭГ көбінесе эпилепсия дертіне шалдыққандарды тексеруге және бастағы ауру түрлерінің дамуын тежеуге мүмкіндік береді. Бұл біздің өңір бойынша алынған алғашқы электроэнцефалография аппараты, – дейді №1 емхана өкілдері.

Айта кетейік, жаңа медициналық

жабдықтың қызметіне Балқаш қаласынан бөлек, Приозерск қаласының және Саяқ, Гүлшат кенттерінің тұрғындары жүгіне алады. Мәліметтерге сүйенсек, бүгінде Балқаш қаласы бойынша эпилепсия дертіне шалдыққан 50 адам есепке алынған.

БАЛҚАШ

● МЕРЕЙ

Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығындағы «Ақ шаңырақ» қазақ этномәдени бірлестігінің құрылғанына биыл 20 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде бірлестік мүшелері аталған кент пен Саран қаласы, облыс тұрғындары арасында халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, өнері мен мәдениетін үзбей насихаттап келеді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ақ шаңырақ» 2002 жылы ресми түрде тіркеліп, құрылған болатын. Сол кезде қазақ ұлттың саны аз бұл елді мекенде мұндай батыл да игі қадамға барған ерлі-зайыпты кәсіпкерлер Амангелді Кенжебаев пен Рымтай Сейтказина еді. Бұл іске бекем бел буып, материалдық жағынан да, қаржылай да көмегін аямады. Рымтай Отарқызы осында өзі ұйымдастырған «Ақ же» вокал тобында ән шырақп, зейнетке шықса да, әлі де қатардан қалған жоқ, оның шығармашылық белсенділігі мен демеушілігі лайықты бағаланып, «Саран қаласының Құрметті азаматы» атанған. Сонымен қатар, Рымтай Отарқызы – кент әкімдігінде қоғамдық келісім бірлестігінің төрағасы.

«Ақ шаңырақ» ашылған алғашқы күннен бастап оған жетекшілік етіп келе жатқан

Арқаға аян «Ақ шаңырақ»



Марта Супиянова:

– Жоғарыдағы орталықта «Русская песня» хоры мен татардың «Яхтшылар» этномәдени бірлестігі де бар. Біз солармен бірлесе жұмыс істеп, кент, қала мен облыс көлемінде өтетін мәдени-бұқаралық және мерекелік шаралардың бірде-біреуінен тыс қалмаймыз. Соған лайық алған марапаттарымыз бен жүлделеріміз де аз емес, – дейді.

Айтса, айтқандай, «Ақ же» вокал тобы осыдан бес жыл бұрын өткен «Өнерім – өмірім» облыстық фестивалінде жүлделі II орынды иеленсе, ал биыл 22 қыркүйекте оның Гран-прині жеңіп алды. Сондай-ақ, былтыр Саран қаласындағы «Сарыарқаның көшпелі мәдениеті» облыстық фестивалінде колонер бойынша I орыннан көрініп, осы жылы олардың өнерін облыстық теледи-

дардан көрсетіпті.

«Ақ шаңырақтың» аясында бұдан бөлек «Гүлдер-ай», «Қарлығаш» топтары мен «Балапан», «Қыз Жібек» клубтары топтасқан. Бұлардың жұмысына кент тұрғындары, №16 мектеп мұғалімдері мен оқушылары жұмыла атсалысып, Наурыз мерекесі, түрлі мәдени шаралар, тіпті мұсылман мерекелері Ораза, Құрбан айта да мерекелік шараның бел ортасында жүреді. Рымтай Сейтказина, Нұрбике Ахметжанова, Амангелді Мұсабеков, Жалғас Садықов, Айша Сыздықова, Мереке Нұршева, Манат Ахметова, Жәмила Серікбаева, Айсұлу Сейтімова, Света Желубаева, Гүлімжан Күлқеева, Мартбек Күлбаев сынды өнерпаз ата-әжелерінің жолын қуған жеткіншектердің жетістіктері де көңіл қуантады. Атап айтқанда, 8-сынып

оқушысы Ұлту Қаштаева Қарағанды қаласында өткен «Шоқ жұлдыз» республикалық балалар мен жастар шығармашылығының фестивалінде лауреат атанып, I дәрежелі диплом алса, тағы да бір 8-сынып оқушысы Астана күнінде «Жұлдызды сәт» халықаралық өнер байқауында көркемөнер оқудан бас жүлдені жеңіп алды. Ал, 4-сынып оқушысы Нұрсұлу Қайыржан да «Шоқ жұлдыз» сайысында I орын иеленген. Олардың мұғалімдері де «Гүлдер-ай» вокал тобына қатысуға уақыт тауып, шәкірттеріне үлгі көрсетіп жүр.

Арқаға аты аян «Ақ шаңырақ» ұжымы өзінің 20 жылдық мерейтойына орай 3 желтоқсан күні Ақтас кентінің жұртшылығы алдында есеп беру концертін өткізбек.

САРАН

БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Приозерск қаласындағы №1 жалпы білім беретін мектептің жанынан ашылған «Жас ақындар мектебі» жұмысын жандандыра түсті. 2017 жылы негізі қаланған мектеп мүшелері қазір поэзия, айтыс, көркемөз және күй бағытында іздене бастады.

Бес жыл жұмыс атқарған ақындар мектебі қаладағы өнерге талпынған көптеген жас дарынның қабілетін дамытып, қаламын ұштады.

Жас дарындарымыздың рухани байлығын арттырып, қазақ әдебиетіндегі ақындарымыздың туындыларымен таныстыра отырып, ұйқас түрлеріне екпін түсіріп, өлең жазудың тиімді жолдарына бағыттадық. Әрине, алғашқы бастама болған соң, қиындықтар болды. «Көш жүре түзеледі» демекші, біраз оқушыларымыз өлең жазуға, мәнерлеп оқуға, айтыс түрлерін ажыратып, өзара айтысуға

Қанатын кеңге жайды



төселе бастады. Дархан Мырзabay, Бейбарыс Жиенбай, Бекзат Әбдікәрімов секілді оқушыларымыз әрі көркемөз оқуға, әрі өлең жазуға бейімделіп, облыстық байқаулардың жеңімпазы атанды. Мархабат Мұрадалі облыстық «Ақберен» байқауында «Айтыс»

номинациясы бойынша ІІ орын иеленді. Серік Ибадуллаев күй жарыстарында жүлделі болды, – дейді ұйымдастырушылар. Айта кетейік, қазіргі таңда жас ақындар мектебінен тәлім алғысы келетіндердің қатары көбеюде. Ал, алғаш қатарға ко-

сылған оқушылар өз өнерлерін әрі қарай дамыта түсетек.

М.ХИЗИРОВА, №1 ЖББМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ПРИОЗЕРСК

Еске алу

Ардақты жар, аяулы ана, асыл әже, Егіндібұлақ ауылының тумасы, Теректі ауылының тұрғыны, Тойбек келіні Жұмагүл Сұлтанмұратқызы УАТАЕВА бұл фәнимен қош айтысып, мәңгілік сапарға аттанғанына 40 күннің жүзі болды. Кең жүректі, қарапайым мінезді, жарқын жүзді, жүзінен шуақ төгілген, ағайынға қадірлі, барша елге сыйлы жан еді. Жарқын бейнесі мәңгі жүрегімізде.



Ардақты, аяулы жар, асыл анам! Әлпештеп, ұл-қыздарын асыраған, Қуанттың шөлдегенде бұлақ болып, Қуандың сағынғанда құрақ болып. Аман не?! Бейнен қалды мәңгілікке, Жүректерде сөнбейтін шырақ болып.

Сағынышпен еске алушылар: жолдасы – Абзал, балалары, немерелері, жиендері.

Анамыздың рухына бағышталған 40 күндік асы 2 желтоқсан күні сағат 19:00-де Қарағанды қаласында «Қарқаралы» мейрамханасында беріледі.

№827

«Қазақтелеком» АҚ көлік құралдарын сату бойынша аукцион өткізілуі туралы хабарлайды

- 1. Объектілердің сипаттамасы: Топтама №1 ГАЗ 3110-411, жеңіл, шыққан жылы 2002; Топтама №2 УАЗ 2206, автобус, шыққан жылы 2002; Топтама №3 УАЗ 3909, жеңіл, шыққан жылы 2003; Топтама №4 УАЗ 3909, жеңіл, шыққан жылы 2005; Топтама №5 УАЗ 3909, жеңіл, шыққан жылы 2005; Топтама №6 УАЗ 3909А, жеңіл, шыққан жылы 2002; Топтама №7 Автопогрузчик 4045-Р, шыққан жылы 1989; 2. Аукцион өткізу орны: Қарағанды к., Ермеков к-сі, 31, 2-МЖТТ 3. Сауда-саттық әдісі – ағылшын. 4. Бастапқы (старттық) бағасы: Топтама №1 ГАЗ 3110-411 – 175100,00 тенге; Топтама №2 УАЗ 2206 – 210800,00 тенге; Топтама №3 УАЗ 3909 – 249333,00 тенге; Топтама №4 УАЗ 3909 – 294667,00 тенге; Топтама №5 УАЗ 3909 – 294667,00 тенге; Топтама №6 УАЗ 3909А – 236640,00 тенге; Топтама №7 Автопогрузчик 4045-Р – 275088,00 тенге; 5. Аукцион өткізілуінің күні және уақыты: 13.12.2022 ж., 10 сағат 00 мин. 6. Кепілдік жарна аукцион қатысушысы сатушының банк шотына мына реквизиттер бойынша: (2-МЖТТ) «Қазақтелеком» АҚ филиалы – «Желі» дивизионы» бірлестігі, Қазақстан Республикасы, Қарағанды к., Ермеков к-сі, 31; БСН 940241000314, ЖСК КЗ816017131000000369, БИК HSBKZKZKX, «Қазақстанның Халық банкі» АҚ, ақша аудару жолымен енгізіледі, сату объектісінің бастапқы (сөрелік) бағасынан 5 пайыз мөлшерінде. Егер Сатып алушы аукционға бірнеше объект бойынша қатысқан жағдайда, кепілдік жарна бір объект үшін ең үлкен бастапқы (сөре) бағамен бастапқы (сөре) бағадан 10 пайыз мөлшерінде салынады. Сауда-саттықта жеңген және сатып алу-сату шартын жасасқан қатысушының кепілдік жарнасы өтелетін қаржы шотына сатып алу-сату шарты бойынша жатады. Қатысушы кепілдік жарнаны аукцион басталуына дейін 1 (бір) күнтізбелік күннен кешікпей салуы керек. Кепілдік жарна Сатушының шотына Қатысушы атына басқа да жеке тұлға немесе заңды тұлға аударуы мүмкін. 7. Алынған сату объектісі бойынша төлемнің шарттары: Сатып алушы Шарт жасасқан күннен бастап банктің 5 күні ішінде көлік құралы үшін ақшаны төлейді. 8. Өтінімдер аукцион өткізілуі туралы хабарландыруды жариялаған күннен бастап 12.12.2022 жылы сағат 08:30-дан 17:30-ға дейін Қарағанды к., Ермеков к-сі, 31 мекенжайы бойынша қабылданады. 9. Барлық сұрақтар бойынша: Қарағанды к., Ермеков к-сі, 31 мекенжайы бойынша жүгінуге болады, анықтама үшін телефондар: (техникалық сұрақтар бойынша) 8(7212) 44-01-71, (аукцион комиссиясының хатшысы) 8(7212) 43-36-32.

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

ҰСТАЗ ТӘЖІРИБЕСІ

«Ерекше» балаларға – ерекше көзқарас

Біздің мектеп талай жылдар бойы «ерекше» оқушыларға құшағын айқара ашып келеді. Қазір мұнда 223 оқушыға білім беріп, тәрбиелен отырмыз. Бұл білім ордасында жұмыс істегеніміз он жылға жуықтады.

Тәрбиешілер денсаулығында зерттеу жұмысы болатын. Осы кінәраты бар балаларға барынша жақсы қарайды. Әр тәрбиеші сыныбында апта сайын тәрбие сыныбында апта сайын тәрбие жұмысын жүргізеді. Әсіресе, қазіргі таңда белең алып бара жатқан жағымсыз әдеттерден аулақ болуға шақырамыз. Менің сыныбымда 15 кәмелетке толмаған оқушы бар. Оларға жаман әдеттер жайлы тек айтып қана қоймай, зиянды жақтарын көрнекі түрде көрсету үшін түрлі шаралар өткіздім. Мәселен, «Зияндыға қарсымыз» атты сурет көрмесін ұйымдастырдым. Ол көрмеге оқушылардың сыныпта салған суреттері қойылды.

Балалар өз ұғымдарындағы зиянды әдеттерді қағаз бетіне түсірді. Бірінде – шылым, екіншісінде алкоголь болса, енді біреулерінде фастфуд тағамдары екен. Ол жай ғана көрме емес, кішігірім зерттеу жұмысы болатын. Осы суреттер бойынша бала ұғымындағы зиянды әдеттер жайлы пікірталастар, дөңгелек үстелдер, ашық сынып сағаттары мен тренингтер өткіздім. Денсаулығына, өміріне қауіп төндіретін әдеттерден аулақ болған оқушы – әр педагогтың мақтаншысы. Ал, біздің мектебімізде білім алатын балалар кейбір зиянды жақтарын көрнекі түрде көрсету үшін түрлі шаралар өткіздім. Мәселен, «Зияндыға қарсымыз» атты сурет көрмесін ұйымдастырдым. Ол көрмеге оқушылардың сыныпта салған суреттері қойылды.

Жананұр БЕЙСЕНҚЫЗЫ, №4 арнайы мектеп-интернатының тәрбиешісі

ҚАРАҒАНДЫ

Хабарландыру

9 қаңтар 2023 жылы сағат 15:00-де Ұлытау облысы, Жанаарқа ауданы, Түгіскен а.о., Түгіскен а., Мәдениет үйінің ғимараты мекенжайы бойынша «Қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп, марганец кендерін барлау жоспарына әсер етуге жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды «Шығыс Сыртысу учаскесіндегі (11 блок) М-42-128-(10е-56-9,10,14,15,20,25), М-42-129-(10г-5а-6,11,16,21), М-42-129-(10г-5в-1) Ұлытау облысы, Жанаарқа ауданында».

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ecorportal.kz/, сондай-ақ «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында (https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr?lang=ru) «қоғамдық тыңдау» бөлімінде.

Барлық ескертулер және немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1, «Ұлытау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін

күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, тел.: 8 (777) 758-11-15. Электрондық мекенжайы: krasivaya_i@inbox.ru.

Карантиндік шектеулер ұзартылған жағдайда тыңдаулар Zoom платформасындағы бейнеконференц байланыс арқылы онлайн режимде өтеді. Тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша оту қажет: https://us04web.zoom.us/j/71747396731?pwd=yhdikkDwK5Kse9z1a3fsFPdFUNy7To.1

Конференция идентификациясы: 717 4739 6731 Күпия сөз: WDJfh3. Қатысушыларды тіркеу талқылау басталғанға дейін 1 сағат бұрын жеке куәлікті көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тапсырыс беруші: «Dala Mining Group» ЖШС, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Ерубав к., 20 құр. тел. +7 776 225 54 20.

Әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар пакетін әзірлеуші: ЖК «Тетра Грин», Қостанай к., әл-Фараби к-сі, 126, тел.: 8 (708) 258-27-44, e-mail: tokbozh@mail.ru.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады rdkzks@list.ru

Объявление

9 января 2023 года в 15:00 часов по адресу: Улытауская область, Жанааркинский район, Тугускенский с. о., с. Тугускен, в здании Дома культуры состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Отчет о возможных воздействиях на окружающую среду к «Плану разведки марганцевых руд на участке Восточное Стуртысу (11 блоков) в пределах блоков М-42-128-(10е-56-9,10,14,15,20,25), М-42-129-(10г-5а-6,11,16,21), М-42-129-(10г-5в-1) в Жанааркинском районе, Улытауской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecorportal.kz/, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Улытау» (https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr?lang=ru) в разделе «Общественные слушания».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по адресу: г. Жезказған, Площадь Алаша, 1, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Улытау», тел.:

8 (777) 758-11-15. Электронный адрес: krasivaya_i@inbox.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме:

– Ссылка на онлайн конференцию: https://us04web.zoom.us/j/71747396731?pwd=yhdikkDwK5Kse9z1a3fsFPdFUNy7To.1

– Идентификатор конференции: 717 4739 6731 – Код доступа: WDJfh3

Регистрация участников ведется при предъявлении удостоверения личности за 1 час до начала обсуждения.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Dala Mining Group», Карагандинская область, г. Караганда, ул. Ерубавца, строение 20. тел. +7 776 225 54 20.

Разработчик проектной документации: ИП «Тетра Грин», г. Костанай, ул. аль-Фараби, 126. тел. +7 7082582744, email: tokbozh@mail.ru

Дополнительную информацию можно получить по электронному адресу: rdkzks@list.ru.

Хабарландыру

2023 жылғы 9 қаңтарда сағат 10:00-де: Ұлытау облысы, Жанаарқа ауданы, Түгіскен а. о., а. Түгіскен, Мәдениет үйінің ғимаратында, М 42-141-(10а-5г-21), М-42-141-(10г-5б-1) Ұлытау облысында блоктары шегінде Туебай кен орнына (2 блок) марганец кендерін барлау жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары бойынша (қоршаған ортаны қорғау бөлімі, рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғат қорғау іс-шараларының жоспары) ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ecorportal.kz/, сондай-ақ «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында (https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr?lang=ru) «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Барлық ескертулер және немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1, «Ұлытау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқарма-

сы» ММ мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, тел.: 8 (777) 758-11-15. Электрондық мекенжайы: krasivaya_i@inbox.ru.

Карантиндік шектеулер ұзартылған жағдайда тыңдаулар Zoom платформасындағы бейнеконференц байланыс арқылы онлайн режимде өтеді. Тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша оту қажет: https://us04web.zoom.us/j/71747396731?pwd=yhdikkDwK5Kse9z1a3fsFPdFUNy7To.1

Конференция идентификациясы: 717 4739 6731 Күпия сөз: WDJfh3. Қатысушыларды тіркеу талқылау басталғанға дейін 1 сағат бұрын жеке куәлікті көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тапсырыс беруші: «Dala Mining Group» ЖШС, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Ерубав к., 20 құр. тел. +7 776 225 54 20.

Әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар пакетін әзірлеуші: ЖК «Тетра Грин», Қостанай к., әл-Фараби к-сі, 126, тел.: 8 (708) 258-27-44, e-mail: tokbozh@mail.ru.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады rdkzks@list.ru

Объявление

9 января 2023 года в 10:00 часов по адресу: Улытауская область, Жанааркинский район, Тугускенский с. о., с. Тугускен, в здании Дома культуры состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам документов для получения экологического разрешения на воздействие к Плану разведки марганцевых руд на месторождение Туебай (2 блока) в пределах блоков М-42-141-(10а-5г-21), М-42-141-(10г-5б-1) в Улытауской области (раздел охраны окружающей среды, проект нормативов допустимых выбросов, программа производственного экологического контроля, программа управления отходами, план природоохранных мероприятий).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecorportal.kz/, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Улытау» (https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr?lang=ru) в разделе «Общественные слушания».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по адресу: г. Жезказған, Площадь Алаша, 1, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Улытау», тел.:

8 (777) 758-11-15. Электронный адрес: krasivaya_i@inbox.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме:

– Ссылка на онлайн конференцию: https://us04web.zoom.us/j/71747396731?pwd=yhdikkDwK5Kse9z1a3fsFPdFUNy7To.1

– Идентификатор конференции: 717 4739 6731 – Код доступа: WDJfh3

Регистрация участников ведется при предъявлении удостоверения личности за 1 час до начала обсуждения.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Dala Mining Group», Карагандинская область, г. Караганда, ул. Ерубавца, строение 20. тел. +7 776 225 54 20.

Разработчик проектной документации: ИП «Тетра Грин», г. Костанай, ул. аль-Фараби, 126. тел. +7 7082582744, email: tokbozh@mail.ru

Дополнительную информацию можно получить по электронному адресу: rdkzks@list.ru.

№298



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

А тобы

Нидерланд құрамасы алғашқы кездесуден сүрінбей өтіп еді. Екінші айналымда Эквадор құрамасынан айналып асыра алмай, кездесу 1:1 есебімен аяқталды. Дегенмен, Эквадор құрамасы оңай шағылатын жаңғақ емес. Бұл құрама да алғашқы кездесуінде жеңіске жетті. Алайда, Нидерланд жанкүйерлері отандастарынан жеңіс күтсе керек. Әлеуметтік желідегі, тіпті букмекерлік кеңселер де Нидерланд құрамасының айқын жеңіске жететінін мәлімдеген еді. Бұл кездесуде басымдықты нидерландлықтар алғанымен, соққы саны бойынша Эквадор құрамасы басым түсті. Қос командада ұпай саны тең. Егер, екеуінің біреуі жеңіліп қалса – топтық кезеңнен шыға алмайды. Себебі, сенегалдықтар бір ұпай айырмашылығымен ғана қалып келеді.

Ал, Сенегал құрамасы катарлықтарды жеңді. Дегенмен, қос команда бір-біріне лайық өнер көрсете алды. Алайда, сенегалдықтардың жолы болды.

В тобы

Атышулы ағылшындар америкалықтармен тең түсті. 2005 жылдан бастап америкалықтар ағылшындарды жеңе алмай келеді. 2010 жылы Оңтүстік Африка Республикасында өткен Әлем чемпионатында қос команда «С» тобында өнер көрсетті. Сол жылы екеуі де топтық кезеңнен шығып, 1/8 финалдан әрі аса алмай қалған. Биыл Англия құрамасы көш бастап тұр. Ал, америкалықтар топтық кезеңдегі екі ойынның тең аяқтап, III орынға табан тіреді. Енді олар алдағы уақытта Иран құрамасымен кездеседі. Топтан шығып-шықпауы сол кездесуден кейін анықталады.

Уэльс құрамасының биылғы чемпионатта жолы болмай тұр. Алғашқы кездесуде ағылшындармен тең ойнаса, екінші айналымда Иран құрамасынан айналып асыра алмады. Қоржынында небәрі 1 ұпайы бар Уэльс құрамасының жағдайы мөз емес. Алдағы уақытта олар ағылшындармен кездеседі. Оларды жеңгеннен өзінде жағдай онынан шешіле қоймас.

Аламан қызып келеді



Күллі әлем көз тіккен доп додасының да топтық кезеңдегі екінші айналымы аяқталуға жақын. Бұл жолы футбол жанкүйерлері тағы бір сенсацияға куә болды. Атағы дардай бельгиялықтар Марокко құрамасына есе жіберді. Ал, француздар даниялықтарды жеңіп, мерзімінен бұрын 1/8 финалға жолдама алды.

С тобы

Алғашқы айналымда мексикалықтармен тең ойнаған Польша құрамасы екінші айналымда аргентиналықтарды жеңген арабтарды жеңді. Бұл жолы поляктар кателікке бой алдырмады. Осы жеңістен кейін олар топтық кезеңде көш бастады.

Ал, Аргентина құрамасы мексикалықтарды 2:0 есебімен жеңді. Аргентиналықтар үшін ойын оңайға түспеді. Тек, екінші таймда ғана қарсылас қақпасынан саңылау тапты. Қазір Аргентина құрамасы II орында. Арабтар өкшелеп келеді.

Д тобы

Француздар Дания құрамасын 2:1 есебімен ұтып, еш күмәнсіз жеңіске жетті. Осы жеңісімен олар 1/8 финалға жолдама алған алғашқы команда болды.

Тунис құрамасы аустралиялықтарға есе жіберді. Әзірге жеңілген қос команда қоржынында – бір ұпайдан. Ау-

стралия құрамасында – 3 ұпай. Енді бұл құрама Дания құрамасымен кездеседі. Алайда, оларға есе жіберіп қарап отырмасы хақ. Демек, топтан екінші болып келесі кезеңге шығып тұр деген сөз. Алайда, Аргентина жеңген арабтар, немістерді тұралатқан жапондар секілді даниялықтар да сенсация жасар, бәлкім!

Е тобы

Әлемнің аузынан түспей жүрген Жапония құрамасы екінші айналымда Коста-Рика құрамасынан 0:1 есебімен жеңіліп қалды. Ойынның көрсеткішіне сүйенсек, жапондардың басым болғанын көруге болады. Алайда, оларға бұл жолы сәттілік жетпей қалған сыңайлы.

Жанкүйерлер көп күткен кездесудің бірі – Испания мен Германия құрамалары арасындағы тартыс. Немістер испаниялықтарды соңғы рет 2014 жылы жеңіпті. Оның өзі жолдастық кездесуде екен. Десе де немістер құрамы жасарған Испания құрамасынан асып түсе алма-

ды. Қазір немістердің халі – мүшкіл. Қоржынында небәрі бір ұпай. Егер келесі қарсыласы Коста-Риканы жеңсе топтық кезеңнен шығып қалар, бәлкім. Алайда, немістердің тағдырын жапондар шешкелі тұр. Бірақ, испаниялықтар жапондарға есе жібереді деп ешкім ойламасы анық.

Ғ тобы

Алғашқы айналымда жеңіске жеткен Бельгия құрамасы, екінші айналымда Марокко құрамасына есе жіберді. Бұлай болады деп кім ойлаған? Небір тәжірибелі ойыншылардан жасакталған Бельгия құрамасының бұл кездесуде жолы болмады. Қазір олардың қанжығасында – 3 ұпай.

Хорватия құрамасы 4:1 есебімен Канада құрамасын жеңді. Тартысқа толы бәсекеде хорваттар керемет ойын өрнегін көрсетті. Қазір олар топтық кезеңде көш бастап тұр. Бельгиялықтарды жеңген Марокко құрамасының ұпай саны – тең.

Бұл топтағы командалар – тең қарсылас. Бірінен-бірі озып, бірімен-бірі жарысып келеді. Қазіргі уақытта Канада құрамасынан бөлек бәрінің де келесі айналымға өтуге мүмкіндіктері бар. Ал, оны уақыт көрсетеді.

● ХОККЕЙ

Жеңіске жетелеген жалғыз шайба

Ел чемпионатының XXIV турында қарағандылық «Сарыарқа» атыраулық «Бейбарыспен» кездесіп, 5:4 есебімен жеңді.

Қос команда бір күн бұрын кездесіп, 7:1 есебімен жеңіс жерлестердің еншісіне иешілген. Бұл жолы атыраулықтар дес бермеді. Ойынның негізгі бөлігі тең аяқталған соң төреші қосымша уақыт қосты.

Қарағандылықтар сапынан Никита Анохин 7-ші минутта гол салып, есеп ашты. Бұдан кейін атыраулықтар 17-ші минутта жауап қайтарды. Гол авторы – Евгений Болякин. Осы қарқынмен қарсыластар араға минут салып тағы бір голды қақпаға тоғытты. Бұл жолы Евгений Болякин әріптесі Роман Дубининге пас асырды. Алғашқы кезеңде 1:2 есебімен түйінделді.

Екінші кезең басталысымен Владимир Ворков есепті теңестірді. Десе де, қарсыластар қарап қалмады. 14-ші минутта Владимир Маркеловтің соққысына қақпашы Артем Микушин төтеп бере алмады. Екінші таймның қорытындысы бойынша қарсыластар алда. Есеп – 2:3.

41-ші минутта атыраулықтар есепті еселеді. Гол авторы – Захар Шабловский. Алайда, жерлестер екі голды қатар соғып, таразы басын теңестірді. 44-ші минутта Никита Анохин қос голдың авторы – атанды. 45-ші минутта Антон Злобин шайба салды. Соңғы тайм тең аяқталған соң бас төреші қосымша уақыт қосты. Сол сәтте қарағандылықтар қарсылас қақпасынан саңылау тауып, жеңісті ұтып алды. Гол авторы – Александр Борисевич.

● КУРЕС

Байрақты бәсеке Қарағандыда өтеді

Биыл Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш Нұркен Әбдіровтің ерлік жасағанынан бері 80 жыл өтті. Осыған орай Қарағандыда грек-рим және еркін күрестен Әлем чемпионаты өтеді. Байрақты бәсеке желтоқсан айында басталады.

Бүгінде жаттығу жиыны Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжнің қабырғасында өтуде. Спортшылардың қатарында қарағандылықтардан бөлек, Көкшетау қаласы және Грузия мемлекетінен келген палуандар да бар. Сондай-ақ, Батыс Кавказ палуандары да тәжірибелі алмасуға арнайы келген. Спортшылардың бәрі де халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері. Және әлем чемпионатының жүлдегерлері де бар. I желтоқсанда Қырғызстан мен Өзбекстан палуандары қатарға қосылады.

Спортшылар тыңғылықты дайындық үстінде. Ал, олардың дайындығын Грузия ұлттық құрамасының бас бапкері Давид Погосян өз қолына алған. Турнирде қара үзген спортшыларға «Спорт шебері» атағы беріледі.

● ШАҒЫН ФУТБОЛ

Аяқдоп шеберлері бақ сынауда

Шағын футболдан 2009-2010 жылдары туған жасөспірімдер арасында Балапан Әбеновті еске алуға арналған облыстық ашық біріншілік басталды.

Жарыстың ашылу салтанатына облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев қатысып, жарысқа қатысушыларға жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар, Балапан Зипатоллаұлының жары мен туыстары да турнирдің ашылу салтанатына арнайы шақырылды.

Аталмыш турнирге әр аймақтан 13 команда келген. Олар үш күн бойы бақ сынап, чемпиондық атаққа таласуда.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

● БӘРЕКЕЛДІ!

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің түлегі Медет Серік Қытайдың Силикон алқабындағы ірі компанияның бірінде абыройлы қызмет етіп жүр. Өзі жұмыс іздеп, шекара асқан жоқ. Керісінше, талантты қазақ баласына шетел компаниясының таңдауы түсті.

Медет Серік аталған оқу орнының «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандығын бітіріп шыққан. Қытайдың Шэньчжэнь қаласының, Силикон алқабында жүріп Huawei компаниясының штаб-пәтерінде C-Suite басшыларымен 200-ден аса кездесулер өткізді.

Медет университет қабырғасында жүріп, Ш.Құдайбердиев атындағы Тілдердің ұштұғырлығы орталығында техникалық аударма курсына тәмамдаған. Оқуын бітіргеннен кейін Пекин технологиялық университетіне магистратураға түсіп, білімін тіпті тереңдетеді. Шыңдалған білім, үлкен тәжірибе Қытайдың ең ірі автомобиль конгломераты ВАIC group-қа жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді.

Одан кейін Шанхайға шақыру түсіп, онда жігерлі жас маманға Volkswagen

Алып компаниялар аттай қалады



компаниясы жұмыс ұсынады. Аталған компанияда алты ай жұмыс істегеннен кейін, Huawei компаниясының да жаңып тұрған жас маманға көзі түсіп, аттай қалап алады. Міне, қазақ баласының Huawei компаниясында жемісті қызмет жасап жүргеніне был 10 жыл. Университет түлегі алдына

басқа да биік мақсаттар қойыпты.

70 жылдық тарихы бар Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті өнеркәсіптің түрлі салаларында, оның ішінде IT-индустрияда суранысқа ие 100 мыңнан аса маманды оқытып шығарды. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз Медет универси-

теттің ғана емес, қазақтың мақтанышына айналып отыр.

Шіркін-ай дейміз, Медет шетелде шындаған білік-тәжірибесін елдің игілігіне, индустриясының дамуына жұмсаса, нұр үстіне нұр болар еді. Ол күннің де ауылы алыс емес секілді. Күтейік...

Біздің сайт: www.ortalyq.kz

Таралымы 6 230

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Сауатқа адрат» жауапкершілігі шектелуі серіктестігі
Директор **Қайрат ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы
Оксана МЯГКИХ
Директордың орынбасары
Гүлмира ЖҰМАДИЛДИНОВА
Бас редактор
Ерсін МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Назым ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы
Ілияс МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Қасымхан ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.
Меншіктік тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Сараң, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

- Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген.
- Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218VPY000030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

